

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 5 сәуірдегі № 12 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 8 сәуірде № 34232 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21831 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды үйлестіру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Альназарова

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2024 жылғы 5 сәуірдегі
№ 12 Бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 20 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығына
қосымша

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидалары

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 69-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде (бұдан әрі – ТМККК) және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде (бұдан әрі – МӘМС) денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) адамның иммундық тапшылық вирусын (бұдан әрі – АИТВ инфекциясы) жұқтырған бір адамға арналған тариф – АИТВ инфекциясын жұқтырған бір адамға шаққандағы АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдарға клиникалық хаттамалар негізінде қалыптастырылатын ТМККК шеңберінде медициналық-әлеуметтік қызметтер кешенінің құны;

2) АИТВ инфекциясы бойынша халықты зерттеп-қарауға арналған тариф – АИТВ инфекциясын зерттеп-қарау бойынша бір жүгінушіге есептегендегі ТМККК шеңберінде көрсетілетін қызметтердің құны;

3) ақпараттық төлем жүйесі (бұдан әрі – АТЖ) – ТМККК шеңберіндегі және МӘМС жүйесіндегі денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілген қызметтерді сатып алу,

оның ішінде сатып алу шарттарын орындау бойынша қызметті автоматтандыратын ақпараттық жүйелер;

4) ауыл субъектісі – мынадай әкімшілік-аумақтық бірліктердің біріне кіретін: аудандық маңызы бар қала, аудан, ауылдық округ, ауыл, кент және "Бекітілген халықтың тіркелімі" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "БХТ" АЖ) тіркелген халыққа қызметтер көрсету кешенін ұсынатын аудандық маңызы бар және ауылдың денсаулық сақтау субъектісі;

5) ауыл халқына ТМҚКК шеңберінде қызметтер көрсетуге арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив (бұдан әрі – ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив) – ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативтің кепілдік берілген компонентінен және ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативтің ынталандырушы компонентінен тұратын "БХТ" АЖ-да тіркелген бір ауыл тұрғынына шаққандағы ТМҚКК шеңберінде қызметтер көрсету кешенінің құны;

6) ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативтің кепілдік берілген компоненті – түзету коэффициенттерін ескере отырып, бекітілген ауыл халқына ТМҚКК шеңберінде көрсетілетін медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) қызметтері кешенінің есептік құны;

7) әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (бұдан әрі – Қор) – аударымдар мен жарналарды шоғырландыруды жүргізетін, сондай-ақ медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген көлемдерде және талаптармен сатып алу мен оларға ақы төлеуді және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

8) базалық мөлшерлеме – стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларды бір емделіп шығу жағдайына есептегендегі медициналық көмек көрсетуге арналған қаржы қаражатының орташа көлемі;

9) бірлесіп орындаушы – ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына (бұдан әрі – дерекқор) енгізілген, жасасқан қызметтерді сатып алу шарты бойынша қызметтер берушінің міндеттерінің бір бөлігін орындау үшін бірлесіп орындау шартын қызметтер беруші жасасқан денсаулық сақтау субъектісі;

10) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсету сапасы саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

11) достық кабинетіне жүгінген халықтың негізгі топтарының бір адамына арналған тариф – достық кабинетіне жүгінген халықтың негізгі топтарының бір адамына шаққандағы ТМККК шеңберінде медициналық көрсетілетін қызметтер кешенінің құны;

12) емделіп шығу жағдайы – пациентке келіп түскен кезден бастап шыққанға дейін стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайларда көрсетілген медициналық қызметтер кешені;

13) жыныстық-жастық түзету коэффициенті – халықтың әртүрлі жыныстық-жастық санаттарының медициналық көмекті тұтыну деңгейіндегі айырмашылықтары ескерілетін коэффициент;

14) кешенді жан басына шаққандағы нормативтің ынталандырушы компоненті (бұдан әрі – ЖБНЫК) – "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-278/2020 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21824 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-278/2020 бұйрық) айқындалған тәртіпте түпкілікті нәтиженің қол жеткізілген индикаторлары негізінде МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектісінің жұмыскерлерін ынталандыруға бағытталған кешенді жан басына шаққандағы нормативтің айқындалған ынталандырушы компоненті;

15) клиникалық-шығындық топтар (бұдан әрі – КШТ) – емдеуге арналған шығындар бойынша ұқсас аурулардың клиникалық біртекті топтары;

16) қызметтер беруші – Қор немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-242/2020 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21744 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-242/2020 бұйрық) айқындалған тәртіпте көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасқан денсаулық сақтау субъектісі;

17) медициналық ақпараттық жүйе (МАЖ) – денсаулық сақтау субъектілерінің процестерін электрондық форматта жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

18) медициналық-санитариялық алғашқы көмектің кешенді жан басына шаққандағы нормативі (бұдан әрі – МСАК КЖН) – МСАК КЖН кепілдік берілген компонентінен және МСАК КЖН ынталандырушы компонентінен тұратын МСАК денсаулық сақтау субъектісіне "БХТ" АЖ-да тіркелген бекітілген бір адамға ТМККК шеңберінде МСАК қызметтер кешенінің құны;

19) медициналық-санитариялық алғашқы көмектің кешенді жан басына шаққандағы нормативінің кепілдік берілген компоненті (бұдан әрі – МСАК КЖН кепілдік берілген компоненті) – түзету коэффициенттерін ескере отырып, ТМККК шеңберінде МСАК қызметтер кешенінің есептік құны;

20) медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі (бұдан әрі – МСАК субъектісі) – "БХТ" АЖ порталында тіркелген бекітілген халыққа ТМККК шеңберінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі;

21) медициналық көмек – дәрілік қамтамасыз етуді қоса алғанда, халықтың денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған медициналық көрсетілетін қызметтер кешені;

22) медициналық көмек көрсету ақауы (бұдан әрі – ақау) – "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалу мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-321/2020 бұйрығымен (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-321/2020 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21904 болып тіркелген) бекітілген медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарын сақтамаудан және клиникалық хаттамалардан негізсіз ауытқудан көрінетін медициналық қызметтер (көмек) көрсету тәртібінің бұзылуы, сондай-ақ медициналық қызмет (көмек) көрсетудің расталмаған жағдайының және (немесе) медициналық қызметтер (көмек) құнының (шығын сыйымдылығы коэффициентінің, тарифтің) негізсіз жоғарылауының фактісі, сондай-ақ медициналық қызметтер (көмек) көрсету мерзімдерінің сақталмауы;

23) медициналық көрсетілетін қызметтер (бұдан әрі – көрсетілетін қызметтер) – денсаулық сақтау субъектілерінің нақты адамға қатысты профилактикалық, диагностикалық, емдеу, оңалту және паллиативтік бағыты бар іс-қимылдары;

24) психикалық денсаулық орталығының бір науқасына арналған кешенді тариф – "Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі" АЖ-ның "Психикалық науқастардың тіркелімі" және "Наркологиялық науқастардың тіркелімі" (бұдан әрі – "ПНТ" және "ННТ" АЖ) ішкі жүйелерінде тіркелген бір науқасқа есептегендегі ТМККК шеңберінде психикалық денсаулық орталықтарының ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік қызметтер кешенінің құны;

25) республикалық денсаулық сақтау ұйымдары – уәкілетті органның қарамағындағы денсаулық сақтау ұйымдары, дербес білім беру ұйымының, медициналық білім беру ұйымдарының денсаулық сақтау ұйымдары;

26) тариф – "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін

медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидаларын және әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-309/2020 бұйрығын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21858 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-309/2020 бұйрық) ескере отырып есептелген медициналық көрсетілетін қызмет бірлігінің немесе медициналық көрсетілетін қызметтер кешенінің құны;

27) ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты (бұдан әрі – көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты) – медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсетуді көздейтін Қор мен денсаулық сақтау субъектісінің арасындағы жазбаша нысандағы келісім;

28) туберкулезбен ауыратын бір науқасқа арналған кешенді тариф – "Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі" АЖ-ның "Туберкулезбен ауыратын науқастардың ұлттық тіркелімі" ішкі жүйесінде (бұдан әрі – "ДНЭТ" АЖ ТНҰТ) тіркелген туберкулезбен ауыратын бір науқасқа есептегендегі ТМҚКК шеңберінде туберкулезбен ауыратын науқастарға көрсетілетін медициналық-әлеуметтік қызметтер кешенінің құны;

29) ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде дәрілік заттың халықаралық патенттелмеген атауына немесе медициналық бұйымның техникалық сипаттамасына шекті баға – "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың сауда атауына шекті бағаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-77 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23886) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-77 бұйрық) уәкілетті орган бекіткен ТМҚКК және МӘМС жүйесінде сатып алуды одан жоғары бағамен жүргізуге болмайтын, дәрілік заттың халықаралық патенттелмеген атауына немесе медициналық бұйымның техникалық сипаттамасына арналған баға;

30) ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуын мониторингтеу (бұдан әрі – мониторинг) – Қордың немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қызметтер берушінің шарттық міндеттемелерді тиісінше орындауы бойынша бағалауы және (немесе) жасалған көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты шеңберінде медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) сапасына сыртқы сараптама;

31) түзету коэффициенттері – № ҚР ДСМ-309/2020 бұйрығы негізінде бекітілген ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тариф белгілеу мақсатында көрсетілетін қызметтің есептік құнына қолданылатын коэффициенттер;

32) цифрлық денсаулық сақтау субъектісі (Қағидаларға қатысты) (бұдан әрі – ЦДС) – ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді және денсаулық сақтау субъектілерімен ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмысты қоса алғанда, цифрлық денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерін ақпараттық-техникалық сүйемелдеу бөлігінде цифрлық денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын немесе қоғамдық қатынастарға түсетін заңды тұлға;

33) шарттың орындалуын бағалаудың сызықтық шкаласы (бұдан әрі – Сызықтық шкала) – медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелерді мониторингтеу нәтижелерін есепке алмай, көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының айлық сомасынан асып кеткен жағдайларда ақы төлеу сомасын есептеу тетігі (бұдан әрі – сапа мен көлемді мониторингтеу);

34) шығын сыйымдылығы коэффициенті – КШТ-ның базалық мөлшерлемесінің құнына шығындылық дәрежесін айқындайтын коэффициент.

35) № ҚР ДСМ-309/2020 бұйрығына сәйкес ірілендіруге жататын МСАК субъектісіне бекітілген қала халқының есептік санына жан басына шаққандағы норматив – МСАК субъектісіне бекітілген қала халқының бір тұрғынына есептелген, ірілендіруге жататын есептік құн;

36) нысаналы жарна – "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарналар төлеуден босатылған Қазақстан Республикасының азаматтары үшін, әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу үшін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға мемлекеттің жарналары түрінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қызметтер көрсетуге ақы төлеу үшін республикалық бюджеттен әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына өтеусіз және қайтарымсыз төлемдер.

2-бөлім. Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

3. Денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеуді Қор әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері және ТМККК-ға бөлінетін нысаналы жарна қаражаты есебінен, ТМККК шеңберіндегі және (немесе) МӘМС жүйесіндегі міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларында көзделген қаражат шегінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары негізінде тиісті қаржы жылына, сондай-ақ ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде алдыңғы қаржы жылының соңғы айында – ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде алдыңғы қаржы жылында медициналық қызметтер көрсетуге шарттар жасасқан

қызметтер берушілермен көрсетілген медициналық қызметтер үшін ағымдағы қаржы жылының қаражаты есебінен жүзеге асырады.

4. Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу № ҚР ДСМ-321/2020 бұйрығына сәйкес сапа мен көлем мониторингінің нәтижелері ескеріле отырып жүргізіледі.

Сапа мен көлем мониторингінің нәтижелері бойынша медициналық көмек түрлері және медициналық қызмет түрлері бойынша ақаулардың бірыңғай жіктеуішіне (бұдан әрі – АБЖ) сәйкес Қор қызметтер берушіге төлеуге жататын соманы азайту жолымен айыппұл санкцияларын қолдану үшін негіз болып табылатын "Медициналық құжаттаманы ресімдеу ақауларының" 2.0 ақау кодынан басқа медициналық көмек көрсету ақаулары анықталады.

5. Сатып алу шарты бойынша ақы төлеудің есептік кезеңі күнтізбелік ай болып табылады.

6. Көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық қызметтерге тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21550 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрық) бекітілген тарифтер бойынша көрсетілген қызметтер актісі негізінде жүзеге асырылады.

7. Көрсетілген қызметтер үшін төлеуге жататын сома мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған қызметтер берушімен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты бойынша көзделген сомадан асқан жағдайда, асып кеткен соманы төлеу жергілікті өкілді органның шешімі бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

8. Қор қызметтер берушімен келісу бойынша аванстық (алдын ала) төлемді мынадай жағдайларда:

1) көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын немесе қосымша келісімді жасасу кезінде көрсетілетін қызметтердің көлемдерін орналастыру кезінде аванстық (алдын ала) төленген соманы ұстап қалу графигіне сәйкес кейіннен ұстап қалу арқылы көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты сомасының 30 (отыз) пайызынан аспайтын мөлшерде;

2) желтоқсан айына арналған жоспарлы соманың 70 (жетпіс) пайызынан аспайтын, бірақ желтоқсанда ұсталуға жататын аванс сомасын ескере отырып, көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты бойынша қалдық сомасынан аспайтын мөлшерде;

3) шетелдік донорды тарта отырып, сүйек кемігін трансплантаттау (бұдан әрі – СКТ) бойынша қызметтер көрсету кезінде шарт сомасының 50 (елу) пайызынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырады.

9. Авансты ұстап қалу графигі қызметтер көрсету айынан бастап ағымдағы жылғы қараша бойынша есепті желтоқсан айына қызметтер көрсетуге ақы төлеу кезінде ұсталатын желтоқсандағы көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге арналған авансты қоспағанда, біркелкі белгіленеді.

10. Егер ағымдағы кезеңде ұстап қалуға жататын аванс сомасы есепті кезеңде көрсетілген қызметтер актілері бойынша төлеуге қабылданған сомадан асып кеткен немесе оған тең болған жағдайда, төлеуге қабылданған сомаға тең сома ұсталады, ағымдағы кезеңде ұстап қалуға тиіс соманың қалдығы келесі кезеңде ұсталуы тиіс аванстық (алдын ала) төлем сомасымен бірге ұсталады, келесі кезеңде ұстап қалу мүмкін болмаған кезде қызметтер беруші Қордың шотына аударады.

Есепті желтоқсан айы үшін көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу кезінде ұстап қалуға жататын желтоқсанда көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу үшін аванс сомасы есепті желтоқсан айы үшін көрсетілген қызметтер актілері бойынша төлеуге қабылданған сомадан асып кеткен немесе оған тең болған жағдайда, төлеуге қабылданған сомаға тең сома ұсталады, ұстап қалуға жататын соманың қалдығын қызметтер беруші Қордың шотына аударады.

11. Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты бойынша аванстық (алдын ала) ағымдағы қаржы жылының алты және одан аз айларына көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасқан, Қор алдында өтелмеген берешек болған кезде, сондай-ақ мынадай бағыттар бойынша медициналық көмек көрсететін қызметтер берушілерді қоспағанда, көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын бұрын жасамаған қызметтер берушіге жүзеге асырылмайды:

1) балаларға және босандыру кезінде стационарлық көмек көрсету;

2) әлеуметтік мәні бар аурулармен және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулармен ауыратын науқастарға стационарлық көмек көрсету (туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету, онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсету және психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету, инфекциялық аурулармен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсету);

3) жедел медициналық жәрдем көрсету;

4) Қарулы Күштердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының әскери-медициналық (медициналық) мекемелерінде ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету.

12. Қор мен қызметтер берушіге байланысты емес жағдайларға байланысты (табиғи құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай, ақпараттық жүйелердің істен шығуы немесе жұмыс істемеуі, пандемия) Қордың қызметтер берушіге төлем жасауы мүмкін

болмаған жағдайда, Қор мен қызметтер беруші келісе отырып аванстық (алдын ала) төлем жасайды:

1) бұрын қормен шарт жасасқан қызметтер берушілер үшін көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты сомасының 70 (жетпіс) пайызынан аспайтын сомасында, төленген аванстың (алдын ала) төлем сомасын ұстап қалу графигіне сәйкес кейіннен ұстау;

2) бұрын қормен шарт жасамаған қызметтер берушілер үшін көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты сомасының 30 (отыз) пайызынан аспайтын сомасында, төленген аванстың (алдын ала) төлем сомасын ұстап қалу графигіне сәйкес кейіннен ұстау.

13. Көрсетілген қызметтер актісін қалыптастыру көрсетілген қызметтер үшін шот-тізілімнің, қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасының негізінде жүзеге асырылады.

14. Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарын есепке алуды Қор қолмен немесе АТЖ-да автоматтандырылған режимде жүзеге асырады.

15. Қызметтер беруші есепті кезеңнен кейінгі айдың 5 (бесінші) күнінен кешіктірілмейтін мерзімде АТЖ-да әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері және ТМККК-ға бөлінетін нысаналы жарна қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсеткені үшін шот-тізілімді (шот-тізілімдерді) (бұдан әрі – көрсетілген қызметтер үшін шот-тізілім) қолмен немесе автоматтандырылған режимде қалыптастырады және Қорға басшы немесе уәкілетті лауазымды адам қол қойған қызметтер берушінің атынан қағаз жеткізгіште және қызметтер берушінің мөрімен (бар болған жағдайда) расталған немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат түрінде береді.

Қызметтер беруші шот-тізілімді қолмен немесе автоматтандырылған режимде дұрыс қалыптастырмаған және (немесе) қате деректермен қол қойылған шот-тізілімді қағаз жеткізгіште ұсынған жағдайда, Қор оны алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде қызметтер берушіге шот-тізілімді қайта қалыптастыру үшін қайтарады.

Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көрсетілген еңсерілмейтін күш мән-жайлары және (немесе) уәкілетті органның немесе Қордың хатымен расталған ақпараттық жүйелерді жаңартуларға байланысты мән-жайлар туындаған жағдайда, Қор еңсерілмейтін күш мән-жайлары және (немесе) ақпараттық жүйелерді жаңартуларға байланысты мән-жайлар жойылғаннан кейін көрсетілген қызметтер үшін шот-тізілімді қабылдайды.

Ағымдағы жылдың қаңтарындағы ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде шот-тізілім өткен жылдың 1 желтоқсанынан бастап ТМККК шеңберінде

және (немесе) МӘМС жүйесінде шот-тізілімге кірмеген көрсетілетін қызметтерді ескере отырып қалыптастырылады.

16. Көрсетілген қызметтер үшін шот-тізілімде ағымдағы есепті кезең ішінде аяқталған көрсетілетін қызметтер саны, сондай-ақ қызметтер беруші төлеуге ұсынатын сома көрсетіледі.

17. Қызметтер беруші бухгалтерлік есептің бастапқы құжаттарының негізінде есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-күніне дейінгі мерзімде АТЖ-да және есепті кезеңде ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілері қызметтер көрсету кезіндегі шығыстардың құрылымы туралы ақпаратты қалыптастыруды осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша қамтамасыз етеді.

Осы тармақта көрсетілген ақпараттарды ұсынбаған жағдайда, қызметтер берушіге ақпараттарды ұсынғанға дейін ағымдағы есепті кезеңге шот-тізілімді қалыптастыру мүмкін болмайды.

Қызметтер беруші Қордың сұрау салуы бойынша осы тармақта көрсетілген ақпаратты қалыптастыру жүзеге асырылған бастапқы бухгалтерлік құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

18. Көрсетілген қызметтер үшін ұсынылған шот-тізілімнің, сапа және көлем мониторингі нәтижелерінің негізінде Қор қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасын қолмен немесе автоматтандырылған режимде қалыптастырады.

19. ТМҚҚК шеңберінде және МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасын осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері және ТМҚҚК-ға бөлінетін нысаналы жарна қаражаты есебінен Қор АТЖ-да қолмен немесе автоматтандырылған режимде қалыптастырады және Қор мен қызметтер берушінің атынан басшы немесе уәкілетті тұлға қағаз жеткізгіште қол қояды және Қордың және қызметтер берушінің мөрлерімен расталады (бар болған жағдайда) немесе ЭЦҚ арқылы қол қойылған электрондық құжат түрінде қалыптастырылады.

Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасында:

1) өзге төлемдер – сот органдарының шешімі, жүргізілген төлемдер бойынша өткен төлем кезеңдері үшін салыстырып тексеру нәтижелері, Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруіне байланысты не осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша төленуге жататын сомаларды қайта есептеу болған жағдайларда;

2) өзге шегерімдер – сот органдарының шешімі болған, көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген жылдық сомасы асып кеткен, жүргізілген төлемдер бойынша өткен төлем кезеңдері үшін салыстырып тексеру нәтижелері, есепті кезең жабылғаннан кейін нысаналы мониторинг немесе жоспардан тыс мониторинг нәтижелері бойынша айыппұл

санкцияларын қолдану, Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруіне байланысты не осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша төленуге жататын сомаларды қайта есептеу жағдайларында көрсетіледі.

20. Қызметтер беруші шартты орындау хаттамасымен келіспеген жағдайда оны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей Қорды бас тарту себептерінің негіздемесімен және бас тарту себебін растайтын есеп айырысулар мен құжаттарды қоса бере отырып, шартты орындау хаттамасына қол қоюдан бас тарту туралы Қорды жазбаша нысанда хабардар етеді.

Қор шартты орындау хаттамасына қол қоюдан бас тартуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданған шешім туралы қызметтер берушіге мынаны хабарлайды:

шартты орындау хаттамасын түзету және шартты орындау хаттамасында шешімнің дұрыстығын растайтын есеп айырысулар мен құжаттарды қоса бере отырып, қол қоюға қайта жіберу;

шартты орындау хаттамасына өзгерістер енгізбестен, өзгерістер енгізбеу шешімінің негіздемесімен қайта жіберу.

21. Қызметтер беруші АТЖ-да көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасының негізінде көрсетілген қызметтердің актісін (бұдан әрі – көрсетілген қызметтердің актісі) құрады.

Көрсетілген қызметтер актісі көрсетілетін қызметтерді сатып алудың әрбір шартына жеке-жеке қалыптастырылады және Қордың және қызметтер берушінің атынан басшы немесе уәкілетті тұлға қағаз жеткізгіште қол қояды және Қордың және қызметтер берушінің мөрлерімен (бар болған жағдайда) расталады немесе олардың ЭЦҚ қойылған электрондық құжат түрінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

Көрсетілетін қызметті сатып алу шартында көзделген форс-мажорлық жағдайлар және (немесе) уәкілетті органның немесе Қордың хатымен расталған ақпараттық жүйелерді жаңартуға байланысты мән-жайлар туындаған жағдайда, Қор төлем құжаттарын қолмен қабылдайды.

22. Қағаз жеткізгіштегі төлем құжаттары екі данада, қызметтер беруші және Қор үшін бір-бір данадан қалыптастырылады.

АТЖ-ға қызметтер берушінің деректерді дұрыс немесе толық енгізбеу фактісі анықталған жағдайда, көрсетілген қызметтер актісі бойынша ақы төлеуді жүзеге асыру сәтіне дейін МАЖ-дағы деректерді түзету Қордың келісімі бойынша жүзеге асырылады.

"Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі" ақпараттық жүйесіндегі (бұдан әрі – "СНЭТ" АЖ) гистологиялық және патоморфологиялық зерттеулердің нәтижелері зерттеу нәтижелерін алу фактісі бойынша енгізіледі.

23. Көрсетілген қызметтер, оның ішінде ағымдағы есепті кезеңде медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемінің мониторингі аяқталмаған өлім жағдайлары көрсетілген қызметтер актісінде көрсетілмейді және олар бойынша ақы төлеу келесі есепті кезеңдерде медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемінің мониторингі аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.

Медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізуге байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының қолданылуы ішінде төлеуге қабылданбаған, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты қолданылатын жылдан кейінгі жылы жүргізіледі.

Ағымдағы қаржы жылының шот-тізіліміне олар бойынша медициналық көмек көрсетудің басталуы алдыңғы қаржы жылында басталған және ағымдағы қаржы жылында аяқталған жағдайлар енгізіледі.

24. Сапа мен көлем мониторингін жүргізуге байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының қолданылуы ішінде ақы төлеуге қабылданбаған, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты қолданылатын жылдың 1 желтоқсанынан бастап көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының қолданылу мерзімі аяқталатын күнге дейін шот-тізілімге енбеген көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына сәйкес ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты қолданылатын жылдан кейінгі жылы жүргізіледі.

Алдыңғы жылғы желтоқсанда көрсетілген ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер үшін сома алдыңғы қаржы жылының 11 айы үшін ақы төлеуге қабылданған сома бойынша орташа айлық нақты орындалу сомасынан аспайды.

25. Қор мен қызметтер берушінің арасындағы қағаз тасығышта рәсімделетін төлем құжаттарымен алмасу ресми хат алмасу жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

26. Қол қойылған көрсетілген қызметтердің актілері бойынша ақы төлеуді Қор көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей қаражатты қызметтер берушінің екінші деңгейдегі банктегі есеп шотына немесе қызметтер көрсеткені үшін алынған қаражатты есепке алу және жұмсау бойынша банк операцияларын жүргізу үшін ашылған қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына аудару арқылы жүзеге асырады.

27. Көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының жылдық сомасынан аспайтын сомада жүзеге асырылады.

28. Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақы төлеу нәтижелері бойынша Қор тоқсан сайын тиісті салыстырып-тексеру актісін қалыптастыра отырып,

көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары бойынша медициналық көрсетілетін қызметтер мен қаржылық міндеттемелердің орындалуын салыстырып-тексеруді жүзеге асырады.

Салыстырып-тексеру актісінде жол берілмейтін өлім жағдайларын және медициналық көрсетілетін қызметтер көлемінің орындалмауын қоспағанда, сапа және көлем мониторингінің нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының азаю көлемі мен сомасы көрсетіледі.

29. Медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемінің мониторингі нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының қолданылу кезеңінде ұсталған айыппұл санкцияларының, МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қосылу шартының талаптарына сәйкес қызметтер берушілер төлеген тұрақсыздық айыбының сомаларын Қор ағымдағы қаржы жылында медициналық көмек көрсетуге орналастыру үшін пайдалануға жатады.

30. Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға алу жағдайында Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде тұратын, "Байқоңыр" кешені ресейлік ұйымдарының жұмыскерлері болып табылмайтын және Байқоңыр кешенінің аумағында уақытша жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарына көрсетілетін қызметтер үшін федералдық медициналық ұйымдарына ақы төлеу Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға алу жағдайында Байқоңыр ғарыш айлағының персоналына, Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына медициналық қызметтер көрсету тәртібі туралы келісімге сәйкес федералдық медициналық ұйымдары және Қор арасындағы шарттың негізінде жүзеге асырылады. Ақы төлеу қағаз жеткізгіштерде ресімделетін төлем құжаттарының негізінде жүзеге асырылады.

31. Тарифтерді тестілеу бойынша пилоттық жобаларды іске асыру кезінде көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу осы Қағидалардың 3, 4, 5, 6, 7, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29-тармақтарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

32. Осы параграфтың ережелері осы Қағидаларға сәйкес медициналық көмектің жекелеген түрлері бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу ерекшеліктерін ескере отырып қолданылады.

33. Қызметтер беруші қажет болған жағдайда №ҚР ДСМ-242/2020 бұйрыққа сәйкес Денсаулық сақтау субъектілерімен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу қағидаларында айқындалған тәртіппен бірлесіп орындаушыны тартады және онымен қызметтерді сатып алу шартының сомалары шегінде бірлесіп орындау шартын жасасады.

34. Бірлесіп орындаушының көрсеткен қызметтері үшін ақы төлеуді бірлесіп орындаушының жедел медициналық жәрдем, туберкулезбен ауыратын науқастарға, психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету кезінде көрсеткен қызметтерін қоспағанда, ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтер мөлшерінен аспайтын тарифтер бойынша қызметтер берушілер жүзеге асырады.

35. Бірлесіп орындаушының көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу бойынша төлем құжаттарын қалыптастыру тиісті ақпараттық жүйелерде немесе қағаз жеткізгіштерде жүзеге асырылады.

36. Бірлесіп орындаушы осы Қағидаларға және № ҚР ДСМ-242/2020 бұйрығына сәйкес қызметтер берушіге қойылатын талаптарға ұқсас деректерді, нысандарды және есептерді енгізуді (ұсынуды), растауды және қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

37. Бірлесіп орындаушының көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу бірлесіп орындау шартында көзделген соманың шегінде жүзеге асырылады.

2-тарау. Жедел медициналық жәрдем көрсеткені үшін ақы төлеу тәртібі

38. Жедел медициналық жәрдем көрсеткені үшін қызметтер берушіге ақы төлеу мынадай жағдайларда:

1) білікті мамандарды және (немесе) пациентті санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты жедел медициналық жәрдем және медициналық көмек көрсетуге арналған жан басына шаққандағы норматив бойынша;

2) жедел медициналық жәрдем станцияларының жүргізушілеріне ерекше еңбек жағдайлары үшін базалық лауазымдық айлықақының 200% мөлшерінде қосымша ақы төлеуге жүзеге асырылады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары (бұдан әрі – ДСБ) ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-күніне дейін Осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес базалық лауазымдық айлықақының 200% мөлшерінде ерекше еңбек жағдайлары үшін жедел медициналық жәрдем станцияларының жүргізушілеріне қосымша ақы төлеу жөніндегі есепті Қорға ұсынады.

39. Есепті кезеңде қызметтер берушіге жедел медициналық жәрдем көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы жедел жәрдемнің жан басына шаққандағы нормативін есепті кезеңде жедел жәрдем станциясының қызмет көрсету аумағындағы МСАК ұйымдарына бекітілген "БХТ" АЖ-да тіркелген халықтың орташа тізімдік санына көбейту жолымен айқындалады.

Есепті кезеңдегі бекітілген халықтың орташа тізімдік саны есепті кезеңнің әрбір күнтізбелік күні үшін жедел жәрдем станциясының қызмет көрсету аумағындағы

МСАК ұйымдарына бекітілген "БХТ" АЖ-да тіркелген халықтың санын қосу және алынған соманы айдың күнтізбелік күндерінің санына бөлу жолымен айқындалады.

Есепті кезеңде жедел көмектің жан басына шаққандағы нормативі бойынша қызметтер берушіге жедел медициналық жәрдем көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы көрсетілген қызметтердің көлеміне байланысты болмайды.

40. Қызметтер беруші "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың нысандары бойынша деректерді "БТЖ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-да күн сайын дербестендірілген енгізуді қамтамасыз етеді.

3-тарау. Амбулаториялық жағдайларда медициналық-санитариялық алғашқы көмек және мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу тәртібі

41. Бекітілген халыққа амбулаториялық жағдайларда МСАК және мамандандырылған медициналық көмек көрсететін қызметтер беруші – денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу (бұдан әрі – АЕК қызметтері) көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген сома шегінде:

- 1) бекітілген халыққа АЕК қызметтерін көрсету;
- 2) 4-жеделдік санатындағы шақырту қызметін көрсету үшін бекітілген халыққа кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету;
- 3) арнайы ақуызы төмен емдік өнімдермен және құрамында фенилаланині төмен өнімдермен қамтамасыз ету;
- 4) қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін МСАК субъектілерін ірілендіру;
- 5) "Скринингтік зерттеулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ осы қарап-тексерулерді өткізудің қағидаларын, көлемі мен кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-174/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21572 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-174/2020 бұйрық) сәйкес және "Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № ҚР ДСМ-37 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27833 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-37 бұйрық) ауыл халқы қатарындағы адамдардың қосымша нысаналы топтары үшін скринингтік зерттеулер жүргізу;

б) медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары жанындағы жедел медициналық жәрдем бөлімшелерінің (мобильдік

бригадалардың) жүргізушілеріне еңбек жағдайлары үшін базалық лауазымдық жалақының 200% мөлшерінде қосымша ақы төлеуге;

7) интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарына медициналық көмек көрсеткені үшін жүзеге асырылады.

ДСБ ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-күніне дейін осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес базалық лауазымдық айлықақының 200% мөлшерінде ерекше еңбек жағдайлары үшін медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары жанындағы жедел медициналық жәрдем бөлімшелерінің (мобильдік бригадалардың) жүргізушілеріне қосымша ақы төлеу жөніндегі есепті Қорға ұсынады.

42. Бекітілген халыққа АЕК көрсеткені үшін ақы төлеу МСАК КЖН тарифі бойынша жүзеге асырылады, ол мыналарды қамтиды:

1) № ҚР ДСМ-37 бұйрығына сәйкес ТМККК шеңберінде бекітілген қызметтер тізбесі бойынша уәкілетті орган айқындаған АЕК қызметтерін көрсету;

2) № ҚР ДСМ-309/2020 және № ҚР ДСМ-278/2020 бұйрықтарымен айқындалған МСАК субъектілері қызметінің түпкілікті нәтижесінің қол жеткізілген индикаторлары үшін МСАК мамандарымен медициналық көмек көрсететін қызметтер берушінің жұмыскерлерін ынталандыру (бұдан әрі – МСАК жұмыскерлерін ынталандыру).

43. Бекітілген халыққа тәулік бойы жедел медициналық жәрдем көрсеткені үшін ақы төлеу 4-жеделдік санатындағы шақырту қызметін көрсету кезек күттірмейтін көмек көрсетуге арналған жан басына шаққандағы норматив бойынша жүзеге асырылады.

44. Фенилкетонуриямен ауыратын бекітілген халыққа қызмет көрсететін МСАК субъектілері үшін ақуызы төмен емдік өнімдермен және құрамында фенилаланині төмен өнімдермен қамтамасыз етілгені үшін ақы төлеу нақты шығындар бойынша жүзеге асырылады.

45. Ірілендіруге жататын МСАК субъектісіне бекітілген қала халқының саны үшін ақы төлеу ірілендіруге жататын МСАК субъектісіне бекітілген қала халқының есептік санына жан басына шаққандағы норматив бойынша жүзеге асырылады.

46. ДСБ шешімі бойынша ақуызы төмен емдік өнімдермен және құрамында фенилаланині төмен өнімдермен орталықтандырылған қамтамасыз ету үшін МСАК субъектілерін айқындауға жол беріледі.

Ақы төлеу мақсатында ақуызы төмен емдік өнімдерді және құрамында фенилаланині төмен өнімді босату "Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "ДҚ" АЖ) тіркеледі.

47. Есепті кезеңде МСАК КЖН бойынша МСАК субъектілеріне АЕК көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы МСАК субъектілері үшін МСАК КЖН-ны есепті кезеңде "БХТ" АЖ-да тіркеліп бекітілген халықтың орташа тізімдік санына көбейту арқылы айқындалады.

Есепті кезеңдегі бекітілген халықтың орташа тізімдік саны есепті кезеңнің әрбір күнтізбелік күні үшін "БХТ" АЖ-да тіркеліп бекітілген халықтың санын қосу және алынған соманы айдың күнтізбелік күндерінің санына бөлу жолымен айқындалады.

Есепті кезеңде МСАК КЖН бойынша МСАК субъектілеріне АЕК қызметтерін көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы көрсетілген қызметтердің көлеміне байланысты болмайды.

48. Есепті кезеңде интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы ДСБ бұйрығы негізінде МСАК субъектісіне бекітілген оқушылар санына айына оқушының жан басына шаққандағы нормативін көбейту жолымен айқындалады.

49. Қор осы Қағидаларға 28-тармақта көрсетілген салыстырып-тексеру актісінің негізінде МСАК субъектісіне бекітілген фенилкетонуриямен ауыратын адамдар санының немесе медициналық көрсетілімдер бойынша арнайы емдік өнімдер түрлерінің өзгеруіне байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының сомасын түзетуді жүзеге асырады.

50. Ақы төлеу процесін жүзеге асыру кезінде ЦДС "БТЖ" АЖ-да жасалған бірлесіп орындау шарттарына сәйкес бірлесіп орындаушылар және олар көрсететін консультациялық-диагностикалық қызметтер (бұдан әрі – КДҚ) бойынша деректерді енгізеді және растайды.

51. Амбулаториялық жағдайда МСАК және мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін шот-тізілімді автоматтандырылған қалыптастыру кезінде ақы төлеуді жүргізу және ақы төлеуге ұсынылатын соманы дұрыс есептеу үшін қызметтер беруші:

1) дәрігерлердің қабылдау графигі мен кестесін, дәрігерге қабылдауға жазылу, активтер мен үйге шақырулар бойынша күн сайын МАЖ "Тіркеу бөлімі" модулінде мәліметтерді енгізуді;

2) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманы қалыптастыру үшін АЕК мамандарымен көрсетілген қызметтерді "БТЖ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-да күн сайын дербестендірілген тіркеуді;

3) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманы қалыптастыру үшін "БТЖ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-да КДҚ сыртқы бағыттарын күн сайын енгізуді;

4) "ДҚ" АЖ-да емшек сүтінің бейімделген алмастырғыштарын босатуды күн сайын енгізуді;

5) "ДҚ" АЖ-да ақуызы төмен емдік өнімдер мен құрамында фенилаланині төмен өнімдерді босатуды күнделікті енгізуді;

6) "БТЖ" АЖ-да жасалған бірлесіп орындау шарттары бойынша деректерді олар жасалған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей енгізуді және растауды;

7) "БТЖ" АЖ-да қызметтер берушінің бекітілген халыққа КДҚ көрсетуге бірлесіп орындау шартын орындау хаттамасын, қызметтер берушінің бекітілген халыққа

бірлесіп орындау шарты бойынша КДҚ көрсетілген қызметтер актісін қалыптастыруды ;

8) есептеу мен бөлу осы тарауға сәйкес жүзеге асырылатын ЖБНҚК-ты төлеу үшін қажетті деректерді "БТЖ" АЖ-да енгізуді және беруді қамтамасыз етеді.

"БТЖ" АЖ-да жасалған бірлесіп орындау шарттары бойынша бірлесіп орындаушылар ағымдағы есепті кезеңге төлемге ұсынған шот-тізілімдер болмаған жағдайда АЕК көрсетілген қызметтер бойынша шот-тізілімді қалыптастыру ағымдағы есепті кезең үшін қызметтер берушіге жүргізілмейді.

52. Есепті кезеңде КЖН МСАК бойынша МСАК субъектілеріне АЕК көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы азаматтарды бір жалпы практика дәрігеріне бекіту нормативінен асырғаны үшін ұстап қалу сомасына азайтылады.

Ұстап қалу сомасы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес бір жалпы практика дәрігеріне азаматтарды бекіту нормативінен асып кеткені үшін ұстап қалу сомасын есептеу формуласы бойынша есептеледі.

53. АЖ-да енгізу нәтижелері бойынша деректер Қорға және ЦДС-ға функциялары мен құзыреттері шегінде Қордың өз құзыреті шеңберінде осы Қағидаларда айқындалған басқарушылық шешімдерді қабылдауы мақсатында күнделікті медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу, талдау және бағалау үшін қолжетімді болады.

54. КЖНҚК мөлшері №ҚР ДСМ-309/2020 бұйрығына сәйкес есептеледі.

55. МСАК субъектілері мен ауыл субъектілеріне КЖНҚК төлеу үшін медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері:

1) "Медициналық қызметтердің сапасын басқару жүйесі" АЖ-да (бұдан әрі – "МҚСБЖ" АЖ):

есепті кезең аяқталған күннен кейінгі келесі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей МСАК субъектілері мен ауыл субъектілері бөлінісінде негіздемені көрсете отырып, МСАК субъектісі мен ауыл субъектісінің қызметтеріне бекітілген халық арасында жеке тұлғалардың өтініштері (шағымдары) бойынша деректер енгізуді;

2) "ЖБНҚК" АЖ-да:

есепті кезең аяқталған күннен кейінгі келесі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей есепті кезеңде болған (жазатайым оқиғаларды қоспағанда) және МСАК деңгейінде алдын алуға болатын барлық ана өлімі жағдайларын, сондай-ақ сапа мен көлем мониторингі нәтижелері бойынша КЖНҚК сомасын есептеуде көрсетілген жағдайлардың қатысуы туралы мәліметтерді тіркеуді;

медициналық қызметтер көрсету саласындағы аяқталмаған мемлекеттік бақылауға байланысты есепті кезеңде КЖНҚК сомасын есептеуге қатыспайтын жағдайлар туралы мәліметтерді қамтамасыз етеді.

56. "ЖБНҚК" АЖ-да МСАК субъектілері мен ауыл субъектілері бойынша Қор:

1) әрбір облыс, астана және республикалық маңызы бар қала бойынша ағымдағы қаржы жылына бекітілген КЖНЫК-тың жоспарлы жылдық сомалары мен халықтың саны бойынша деректерді енгізуді және растауды;

2) өңір деңгейінде КЖНЫК-тың жылдық сомасын айларға бөлу деректерін енгізуді және растауды;

3) әрбір облыстың, астананың және республикалық маңызы бар қаланың ДСБ-мен келісу бойынша уәкілетті орган ұсынған түпкілікті нәтиженің әрбір индикаторы бойынша белгіленген нысаналы мәнді енгізуді және растауды;

4) мыналар:

халық бойынша;

халық және балдар бойынша;

халық, балдар және МСАК қызметтерін көрсетудің кешенділігіне нақты МСАК субъектісінің сәйкестік коэффициенті бойынша 1 (бір) бекітілген тұрғынға есептегенде 150 (жүз елу) теңгеден жоғары КЖНЫК сомасын бөлу өлшемшартын ай сайынғы (есепті кезеңнің басында) белгіледі;

5) МСАК субъектілері мен ауыл субъектілері бөлінісінде әрбір өңір бойынша есепті кезеңдегі түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндері мен КЖНЫК сомаларын алдын ала автоматтандырылған есептеуді (есепті кезеңнің жабылуына дейін) жүргізуді;

6) есепті кезең аяқталған күннен кейінгі айдың келесі 5 (бесінші) күнінен кешіктірмей есепті кезеңнің жабылуын растау. Есепті кезеңді жабу халық бекітілген учаскелер бөлінісінде МСАК субъектілері бойынша бөлінбеген жағдайлар болған кезде тоқтатыла тұрады. Есепті кезеңді жабуды растаған күннен бастап Қорды қоспағанда, енгізілген деректерді өзгертуге рұқсат берілмейді;

7) ағымдағы есепті кезеңде МСАК субъектісі мен ауыл субъектісі бойынша бір бекітілген тұрғынға есептегенде 150 (жүз елу) теңгеден жоғары КЖНЫК сомасынан асып кету фактісі болған кезде, ағымдағы есепті айда көрсетілген қызметтерге ақы төлеуге қабылдау. Бұл ретте осы алгоритм 1 (бір) тоқсан ішінде қолданылады;

8) АТЖ-да түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндері мен ақы төлеуге арналған КЖНЫК сомаларын автоматтандырылған есептеу деректерін алуды;

9) есепті кезеңде қол жеткізілген түпкілікті нәтиже индикаторларын бағалау қорытындылары бойынша МСАК субъектілеріне және ауыл субъектілеріне КЖНЫК сомасын аудару;

10) МСАК субъектілері мен ауыл субъектілері бөлінісінде қызметтердің қол жеткізілген түпкілікті нәтижелерін бағалау қорытындыларын қалыптастыру және ДСБ-ға мәлімет үшін жіберуді;

11) есепті кезең аяқталған күннен кейінгі келесі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей есепті кезеңде болған (жазатайым оқиғаларды қоспағанда) және МСАК деңгейінде

алдын алуға болатын 7 (жеті) күннен бастап 5 (бес) жасқа дейінгі бала өлімінің барлық жағдайларын, сондай-ақ сапа мен көлем мониторингі нәтижелері бойынша КЖНЫК сомасын есептеуде көрсетілген жағдайлардың қатысуы туралы мәліметтерді тіркеуді;

12) есепті кезеңде болған (жазатайым оқиғаларды қоспағанда) және МСАК деңгейінде алдын алуға болатын 7 (жеті) күннен бастап 5 (бес) жасқа дейінгі бала өлімінің барлық жағдайлары бойынша сапа мен көлемнің аяқталмаған мониторингіне байланысты есепті кезеңде КЖНЫК сомасын есептеуге қатыспайтын жағдайлар туралы мәліметтерді қамтамасыз етеді.

57. "ЖБНҚК" АЖ-да МСАК субъектілері мен ауыл субъектілеріне КЖНЫК-ты төлеуге арналған төлем құжаттарын сапалы және уақтылы қалыптастыру үшін ЦДС:

1) түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндері мен ЖБНЫК сомаларын есептеуге әсер ететін қатысушылардың сәйкессіздіктері немесе дұрыс емес іс-әрекеттері анықталған жағдайда МСАК субъектілерінің есепті кезең жабылғанға дейін есепті кезеңді жабу туралы растауды алып тастауды;

2) әрбір МСАК субъектісі мен оның аумақтық учаскелері бөлінісінде түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндеріне әсер ететін медициналық көмек көрсету жағдайлары бойынша "БХТ" АЖ, "МҚСБЖ" АЖ, "ОНЭТ" АЖ дерекқорларынан автоматтандырылған режимде деректерді күн сайын дұрыс алуды;

3) есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 3 (үшінші) күнінен кешіктірмей "ДНЭТ" АЖ ТНҰТ сервисінің деректері болмаған кезде өзара іс-қимыл сервисін іске асырған жағдайда автоматтандырылған режимде немесе осы сервис жоқ кезде қол режимінде деректерді ай сайын дұрыс алуды;

4) есепті кезең аяқталған күннен кейінгі келесі айдың 5 (бесінші) күнінен кешіктірмей Қорға ұсыну үшін осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыс, астана және республикалық маңызы бар қала бойынша түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндері мен кешенді жан басына шаққандағы нормативтің ынталандырушы компонентінің сомаларын есептеу үшін ақпараттық жүйелерден деректерді жүктеудің дұрыстығы мен нақтылығы жөніндегі есепті қалыптастыруды;

5) деректердің жүктелуіне қарай ДСБ-мен бірлесіп, ДСБ жанынан құрылған комиссияның хаттамалық шешімінің негізінде түпкілікті нәтиже индикаторларының мәніне (ана өлімі жағдайларын қоспағанда) әсер ететін даулы жағдайларды нақты МСАК субъектілеріне жатқызу бойынша түзетулерді есепті кезеңнің жабылуына дейін енгізеді.

58. МСАК субъектісі төлем құжаттарын қалыптастыру үшін қамтамасыз етеді:

1) Қор есепті кезеңді аяқтаған күннен кейінгі келесі 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей есепті кезеңдегі есеп айырысулардың нәтижесі бойынша алынған КЖНЫК-тың жалпы сомасының 5 (бес) пайызынан кем емес мөлшерде МСАК жұмыскерлерінің біліктілігін арттыруға жіберу үшін жоспарланып отырған шығыстардың сомалары туралы деректерді енгізуді;

2) Қор есепті кезеңді аяқтаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей кейін енгізілген деректерді кез келген өзгерту мүмкін болмайтын есепті кезеңнің жабылауын растауды және аумақтық учаскелердің бөлінісінде МСАК жұмыскерлеріне түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндері мен КЖНЫК сомаларын автоматтандырылған есептеуді жүзеге асыруды;

3) түпкілікті нәтиже индикаторларының мәніне әсер ететін нақты жағдай бойынша бекіту учаскесі туралы ақпарат болмаған жағдайда "БХТ" АЖ порталына деректерді енгізуді;

4) көтермелеу қағидаларына сәйкес МСАК жұмыскерлерін ынталандыру бойынша ЖБНЫК сомаларын бөлу нәтижелері бойынша есепті ай үшін жиынтық деректерді енгізуді және есепті кезең аяқталған күннен кейінгі айдың 25 (жиырма бесінші) күніне дейінгі мерзімде осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісінің жұмыскерлеріне кешенді жан басына шаққандағы нормативтің ынталандырушы компонентінің сомаларын бөлу бойынша есепті қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

59. Уәкілетті органның хатымен расталған ақпараттық жүйелерде жаңартулармен байланысты сатып алу шарты және (немесе) жағдайларында көрсетілген еңсерілмес күш жағдайлары пайда болған жағдайда Қор көрсетілген қызметтерге шот-тізілімді КЖНЫК-сыз қабылдайды және кейінгі есептесумен және келесі есептік кезеңдегі өзге төлемдер арқылы төленеді.

4-тарау. Мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу тәртібі

1-параграф. Амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу тәртібі

60. Консультациялық-диагностикалық көмек (бұдан әрі – КДК) түрінде мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін қызметтер берушілерге ақы төлеуді Қор № ҚР ДСМ-37 бұйрықпен айқындалған көрсетілетін қызметтер тізбесі бойынша жүзеге асырады.

61. Қызметтер беруші ұсынған сома көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген айлық сомадан асып кеткен жағдайда, антенаталдық байқау қызметі, травматологиялық пункт қызметі, профилактикалық медициналық қарап-тексеру және скринингтік зерттеулерді қоспағанда, сапа мен көлем мониторингін есепке алмағанда көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының орындалуын бағалаудың Сызықтық шкаласы қолданылады.

62. Сызықтық шкаланы қолдана отырып, көрсетілген КДК үшін қызметтер берушіге ақы төлеу сомасын есептеу осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес Сызықтық шкаланы

қолдана отырып, амбулаториялық жағдайларда көрсетілген мамандандырылған медициналық көмек үшін қызметтер берушіге ақы төлеу сомасын есептеу алгоритмі негізінде жүзеге асырылады.

63. КДК көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы медициналық көрсетілетін қызметтерге тарифтерді КДК нақты көрсетілген қызметтер санына көбейту жолымен айқындалады.

64. Теміржол көлігі базасында жылжымалы медициналық кешендер қызметтерін көрсеткені үшін ақы төлеу бір адамға арналған жылжымалы медициналық кешендер қызметтеріне арналған тариф бойынша (медициналық поезд базасында) жүзеге асырылады.

65. Арнайы автокөлік базасында жылжымалы медициналық кешендер қызметтерін көрсеткені үшін ақы төлеу медициналық көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

66. "Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулер жүргізу қағидаларын, көлемі мен мерзімділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрыққа (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21820 болып тіркелген) және № ҚР ДСМ-174/2020 бұйрыққа сәйкес айқындалған профилактикалық медициналық қарап-тексерулер мен скринингтік зерттеулер жүргізу жөніндегі қызметтерге ақы төлеу профилактикалық қарап-тексеру және скринингтік зерттеулердің әр түрі аяқталған кезде жүзеге асырылады.

Интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды профилактикалық қарап-тексеру шеңберінде мамандардың қабылдауы және (немесе) консультация беруі медициналық көрсетілетін қызмет үшін белгіленген тарифтің 1/2 (екіден бір) тарифтері бойынша төленеді.

67. Үйде консультациялық-диагностикалық көмек түрінде мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін қызметтер берушілерге ақы төлеу № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрыққа 7-қосымшада айқындалатын тізбе бойынша медициналық көрсетілетін қызметтің екі еселенген тарифі бойынша жүзеге асырылады.

68. Қашықтық форматында консультациялық-диагностикалық көмек түрінде мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін қызметтер берушілерге ақы төлеу № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрыққа 7-қосымшада айқындалатын тізбе бойынша медициналық қызметтің белгіленген тарифінен $\frac{1}{2}$ (екіден бір) тариф бойынша жүзеге асырылады.

69. МСАК және амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек қызмет кешенін көрсету үшін және төлеуге ұсынылатын соманы дұрыс есептеуді қызметтер беруші № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес бекітілген бастапқы

медициналық құжаттамаға сәйкес көрсетілген медициналық қызметтер туралы деректерді "БТЖ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-да енгізуді және растауды және олардың "БТЖ" АЖ-ға жіберілуін көрсетілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қамтамасыз етеді.

Ағымдағы есепті кезең үшін АЕК қызметтерін көрсеткені үшін шот-тізілімді қалыптастыру ағымдағы есепті кезең үшін жасалған бірлесіп орындау шарттары бойынша бірлесіп орындаушылар "БТЖ" АЖ-да ақы төлеуге ұсынылған шот-тізілімдер болмаған жағдайда жүргізілмейді.

2-параграф. Стационарды алмастыратын, стационарлық жағдайларда және үйде мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу тәртібі

70. Қызметтер берушілерге мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу:

1) шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып, КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін;

2) аурулардың, операциялар мен манипуляциялардың тізбесі бойынша іс жүзіндегі шығыстар бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін;

3) бір төсек-күн үшін;

4) есептеудің орташа құны бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін;

5) медициналық-экономикалық тарифтер бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

71. Күндізгі стационарда бір емделіп шығу жағдайы үшін ақы төлеу:

1) терапевтік бейін стационарлық көмектің шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып, КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтің 1/2 (екіден бір) тарифі бойынша жүзеге асырылады;

2) күндізгі стационардың хирургиялық бейіні стационарлық көмектің шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып, КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтің 3/4 (төрттен үш) тарифі бойынша жүзеге асырылады.

Осы тармақтың нормалары осы Қағидалардың 72, 88, 89 және 112-тармақтарына қолданылмайды.

72. Күндізгі стационардың бір төсек-күні үшін ақы төлеу бір төсек-күн үшін тарифтің 1/2 (екіден бір) тарифі бойынша және бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтің стационарлық көмектің есептік орташа құны бойынша жүзеге асырылады.

73. Үйде стационардың бір емделіп шығу жағдайы үшін ақы төлеу стационарлық көмектің шығын сыйымдылығының коэффициентін ескере отырып, КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтің 1/6 (алтыдан бір) тарифі және тәулік бойы стационарларда емделген жағдайдың бір төсек-күні үшін тарифтің 1/6 (алтыдан бір) тарифі бойынша жүзеге асырылады.

74. Қызметтер беруші:

1) "СНЭТ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-да № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманы қалыптастыру үшін деректерді күнделікті енгізуді және растауды;

2) "ДҚ" АЖ-да бала күтімі бойынша жиынтықты (дәрі қобдишасын) босатуды күн сайын енгізуді;

3) "СНЭТ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-да пациент стационардан шығарылған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманы қалыптастыру үшін стационардан шыққан адамның статистикалық картасын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

75. Ағымдағы қаржы жылындағы қаңтарда стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсеткені үшін шот-тізілімге медициналық көмек көрсету алдыңғы қаржы жылында басталған және ағымдағы қаржы жылында аяқталған жағдайлар қосылады.

76. Қызметтер беруші ұсынған сома көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген айлық сомандан асып кеткен жағдайда сапа мен көлем мониторингін есепке алмағанда, сатып алу шартының орындалуын бағалауға Сызықтық шкала қолданылады.

77. Сызықтық шкаланы қолдана отырып, көрсетілген стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек үшін қызметтер берушіге ақы төлеу сомасын есептеу осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес Сызықтық шкаланы қолдана отырып, көрсетілген стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек үшін қызметтер берушіге ақы төлеу сомасын есептеу алгоритмінің негізінде жүзеге асырылады.

78. Сызықтық шкала:

1) стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда көрсетілген қызмет бойынша облыстық және қалалық босандыру ұйымдарына;

2) емделіп шығу жағдайларының 45 (қырық бес) пайызы және одан астам босандыру үлесімен босандыру қызметтерін көрсететін көпбейінді стационарларға;

3) емделіп шығу жағдайларының 45 (қырық бес) пайызы және одан астам 1 (бір) жасқа дейінгі балалар үлесімен 1 (бір) жасқа дейінгі балаларға қызметтер көрсететін стационарларға, оның ішінде республикалық денсаулық сақтау ұйымдарына;

4) емделіп шығу жағдайларының 45 (қырық бес) пайызы және одан астам 1 (бір) жасқа дейінгі балалар мен босандыру қызметтерінің жиынтық үлесімен 1 (бір) жасқа дейінгі балаларға қызметтер және босандыру қызметтерін көрсететін стационарларға, оның ішінде республикалық денсаулық сақтау ұйымдарына;

5) стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда көрсетілген гемодиализ және перитонеалдық диализ қызметтеріне;

6) ақы төлеу осы тараудың 4-параграфына сәйкес жүзеге асырылатын онкологиялық аурулары бар балаларға көрсетілетін қызметтерге;

7) туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсететін республикалық денсаулық сақтау ұйымдары ұсынатын қызметтерге;

8) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес 10-қайта қараудағы аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі кодтары бойынша лимфоидты және қан түзетін тіндердің, қан түзетін ағзалардың қатерлі ісіктерінің тізбесі бойынша лимфоидты және қан түзетін тіндердің қатерлі ісіктерімен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары және "University Medical Center" корпоративтік қоры көрсететін қызметтерге ;

9) жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерге;

10) тәуліктік стационар деңгейінде инфекциялық бейін төсектеріндегі инфекциялық аурулармен ауыратын науқастарға көрсетілетін қызметтерге қолданылмайды.

79. Қор мамандандырылған және медициналық көмек көрсеткен кездегі өлім жағдайлары бойынша АТЖ-да № ҚР ДСМ-321/2020 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша әрбір өлім жағдайына (өліммен аяқталған) және өлім жағдайлары мониторингінің нәтижелері бойынша қорытындыны сканерленген нұсқада бекітеді.

80. "Ресурстарды басқару жүйесі" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "РБЖ" АЖ) тіркелген оқшауланған стационардың бөлімшелері (бөлімшелері) арасында пациентті ауыстыру жағдайларында пациентті емдеуге ақы төлеу қорытынды диагноз бойынша бір емделіп шығу жағдайы ретінде жүзеге асырылады.

81. Ауыстыруға, пациенттің өз еркімен кетуіне байланысты пациенттің тәуліктік стационарда қысқа мерзімді (3 (үш) тәулікке дейін қоса алғанда) болуына негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ құнынан нақты өткізген төсек-күндері бойынша ақы төленеді.

Қысқа мерзімді болу кезінде (үш тәулікке дейін қоса алғанда) алдын алуға болмайтын өлім жағдайларында ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ құнының елу пайызы мөлшерінде жүргізіледі.

82. Крон ауруы мен спецификалық емес ойық жаралы колит ауруын емдеу кезінде тәулік бойы стационарларда биологиялық терапияны қолдану жағдайында биологиялық терапия препараттарының құнын төлей отырып, негізгі диагноздың КШТ бойынша емделіп шығу жағдайы үшін құны бойынша төленеді.

83. Бейінді емес стационарларда туберкулездің диагнозын алғаш анықтаған кезде емделіп шығу жағдайы үшін ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операцияның тиісті КШТ құны бойынша жүзеге асырылады.

84. Бейінді емес стационарларда онкологиялық ауру алғаш рет анықталған кезде емделіп шығу жағдайы үшін ақы төлеу осы Қағидалардың 145-тармағына сәйкес негізгі диагноздың немесе операцияның тиісті КШТ құны бойынша жүзеге асырылады.

85. Есептік орташа құны бойынша емделіп шығу жағдайлары үшін ақы төлеу жүзеге асырылатын қызметтер берушілерге емдеу ұзақтығын негізді қысқарту

жағдайларында ақы төлеу есептеу бір төсек-күннің орташа құны бойынша нақты төсек-күндер үшін жүзеге асырылатын бір емделіп шығу жағдайы үшін тариф бойынша жүргізіледі, бұл ретте бір төсек-күннің құны бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтің құнын төсек-күндердің белгілі бір жоспарлы санына бөлу арқылы есептеледі.

86. "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктердің емделіп шығу жағдайы үшін ақы төлеу медициналық ұйымда оның өмірі мен айналасындағылардың денсаулығына тікелей қатер жойылғанға дейін емделудің нақты төсек-күндерінің саны үшін бір емделіп шығу жағдайы үшін бір төсек-күннің орташа құны бойынша тариф бойынша жүргізіледі, бұл ретте бір төсек-күннің құны бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтің құнын төсек-күндердің белгілі бір жоспарлы санына бөлу жолымен есептеледі. Оның өмірі мен айналасындағылардың денсаулығына тікелей қатер жойылғаннан кейін көрсетілген қызметтерге ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

87. 4,0 астигматизм және одан да артық диоптрий, 5,0 анизиметропия және одан да артық диоптрий кезінде көз мөлдірқабығының рефракциялық қасиеттерін түзету операциялары бойынша ақы төлеу шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып, КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тариф бойынша жүзеге асырылады.

88. Күндізгі стационар жағдайында "Коронарлық артериография" қызметтерін өткізген жағдайда ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ құнының елу пайыздық сомасы мөлшерінде жүргізіледі.

89. Тарифтер бойынша күндізгі стационар жағдайында гемодиализ қызметтері үшін ақы төлеу "СНЭТ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-да тіркелген пациенттердің деректерін беру арқылы нақты көрсетілген сеанстар үшін жүргізіледі.

90. Есепті кезеңдегі бір пациенттің барлық сеанстары бір емделіп шығу жағдайы ретінде есептеледі, бұл ретте негізгі диагноздың тарифі нөлдік мөлшерлеме бойынша есептеледі.

91. Гемодиализ қызметтеріне мұқтаж пациентті "СНЭТ" АЖ-да тіркеуді гемодиализ қызметтерін беруші пациенттің еркін таңдауы мен еркін нысанда жазылған жеке өтінішінің негізінде және "ДНЭТ" АЖ-дан МАЖ-да енгізілетін деректерді тексергеннен кейін жүзеге асырады.

92. Қабылдау бөлімшесінде қызметтер көрсету үшін ақы төлеу стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімшелері үшін шығын сыйымдылық коэффициентін ескере отырып, КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тариф бойынша жүзеге асырылады.

3-параграф. Нақты келтірілген шығыстар үшін ақы төленуі тиіс немесе қосымша шығыстарды өтеп, клиникалық-шығындық топтар бойынша ақы төленуі тиіс стационарды алмастыратын, стационарлық жағдайларда және үйде мамандандырылған медициналық көмек көрсету жағдайларына ақы төлеу тәртібі

93. Осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нақты келтірілген шығыстар үшін төлеуге жататын жағдайлардың тізбесі бойынша операциялар үшін ақы төлеу шығыстардың мынадай баптары:

1) жалақы;

2) салықтар немесе бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес төленетін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес төленетін әлеуметтік аударымдар, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – МӘМС туралы Заң) сәйкес төленетін МӘМС аударымдары;

3) тамақтану;

4) дәрілік заттар, медициналық бұйымдар (бұдан әрі – МБ);

5) тарифтер бойынша медициналық көрсетілетін қызметтер;

6) бір пациентке қайта есептегенде алдыңғы айда қызметтер берушінің коммуналдық және басқа шығыстарына арналған нақты шығындар бойынша есептелетін коммуналдық шығыстар бойынша жүргізіледі.

Нақты келтірілген шығыстар үшін ақы төлеу кезінде дәрілік заттар мен МБ-ға шекті құнынан аспайтын олардың нақты (сатып алу) құны бойынша ақы төленеді. Қызметтер беруші көрсетілген құнға арналған растайтын құжаттарды ұсына отырып, ақпараттық жүйелерге дәрілік заттар мен МБ-ның нақты (сатып алу) құнын енгізеді.

94. Ағымдағы қаржы жылының қаңтарындағы стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсеткені үшін шот-тізілімге олар бойынша медициналық көмек көрсетудің басталуы алдыңғы қаржы жылында басталған және ағымдағы қаржы жылында аяқталған жағдайлар енгізіледі.

95. Сапа мен көлем мониторингін жүргізуге байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының қолданылуы ішінде ақы төлеуге қабылданбаған, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты қолданылатын жылдың 1 желтоқсанынан бастап көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының қолданылу мерзімі аяқталатын күнге дейін шот-тізілімге кірмеген көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына сәйкес ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты қолданылатын жылдан кейінгі жылы жүргізіледі.

Өткен жылдың желтоқсанында көрсетілген ТМҚКК шеңберіндегі және МӘМС (немесе) жүйесіндегі қызметтер үшін сома алдыңғы қаржы жылының 11 айы үшін

төлеуге қабылданған сома бойынша орташа айлық нақты орындалу сомасынан аспайды

96. Нақты келтірілген шығыстар үшін төлеуге жататын жағдайлардың тізбесі бойынша операция жүргізу кезінде трансплантаттау мақсатында кадаврдy бір мәйіттен ағзаларды және (немесе) тіндерді бірнеше ағзаны алуға дайындау бойынша қызметтер көрсету үшін ақы төлеу бір рет жүзеге асырылады. Сол мәйіттен ағзаларды және (немесе) тіндерді бірнеше ағзаны алуға кадаврдy дайындау бойынша қызметтерге ақы төлеуге басқа да денсаулық сақтау субъектісі мәлімдеген жағдайда ақы төлеу жүзеге асырылмайды.

97. Босанғаннан және (немесе) аборттан кейін ауыр жағдайдағы әйелдерге мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу осы Қағидалардың 93-тармағында айқындалған нақты жұмсалған шығыстар үшін жүзеге асырылады.

98. Осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес қосымша шығыстарға ақы төлей отырып, клиникалық-шығындық топтардың құны бойынша ақы төлеуге жататын жағдайлардың тізбесі бойынша ақы төлеу:

1) тарифтер бойынша негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша ақы төленетін емделіп шығу жағдайының құнын;

2) уәкілетті орган белгілейтін шекті бағалардан аспайтын нақты (сатып алу) құны бойынша ақы төленетін дәрілік заттар мен МБ-ның құнын;

3) тарифтер бойынша төленетін медициналық көрсетілетін қызметтердің құнын қосу арқылы жүзеге асырылады.

99. Республикалық деңгейдегі медициналық ұйымдарда аяқталмаған остеогенез диагнозы бар науқастарға мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін әрбір жағдай бойынша ақы төлеу пациентке дәрілік заттар мен МБ беруді негіздей отырып, көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлемі мониторингінен кейін нақты шығыстар бойынша жүзеге асырылады.

100. Медициналық оңалту, паллативтік көмек және босандыру бойынша қосарлап кодталған жағдайларды қоспағанда, осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 сәйкес негізгі диагноз болып табылмайтын және Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі бойынша КШТ тізбесінен алып тасталған диагноздардың тізбесі бойынша ақы төлеу жүзеге асырылмайды.

101. Жүктіліктің және босанудың асқынған ағымы кезінде, жаңа туған нәрестелердің ауыр аурулары кезінде емделіп шығу жағдайларын төлеу үшін мынадай кодтар, байланыстырулар және қосымша шығындар тізбесі қолданылады:

1) осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес акушерлік-гинекологиялық бейін бойынша күрделілік деңгейін ескере отырып клиникалық-шығындық топтарды қалыптастыру үшін қос кодтауға Аурулар мен денсаулыққа байланысты

проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша кодтарының тізбесі;

2) осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес ауырлығы елеулі Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша ілеспе диагноздар кодтарының Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі диагноз кодтарына байланыстыру тізбесі;

3) осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес ауырлығы елеулі емес Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі диагноз кодтарын ілеспе диагноз кодтарына байланыстыру тізбесі;

4) осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес ауырлығы жағынан елеулі Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-9 бойынша операциялар кодтарының клиникалық-шығындық топтарына байланыстыру тізбесі (негізгі операциялар ретінде қолданылады);

5) осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-9 бойынша негізгі операциялар кодтарының клиникалық-шығындық топтарына байланыстыру тізбесі;

6) осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі қорытынды диагноздың асқынуларына дәрілік заттарды, медициналық бұйымдар мен көрсетілетін қызметтерді байланыстыру тізбесі;

7) осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 негізгі диагноздың асқынуларына қосымша шығындардың (дәрілік заттар, медициналық бұйымдар және көрсетілетін қызметтер) тізбесі;

8) осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес негізгі диагноздың ауырлығын сипаттайтын қосымша өлшемшарттарын көрсету қажет Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі диагноздардың тізбесі;

9) осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес босану жағдайлары үшін қайта емдеуге жатқызу белгілерін айқындау үшін Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша кодтардың тізбесі;

10) осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес аборт жағдайлары үшін қайта емдеуге жатқызу белгілерін айқындау үшін Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша кодтардың тізбесі;

11) осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес ауырлығы бойынша елеусіз Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі кодтардың тізбесі;

12) осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес ауырлығы бойынша елеулі Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі кодтардың тізбесі;

13) осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес бронх-өкпе дисплазиясына және неонатальды кезеңдегі тыныс алу жолдарының басқа созылмалы ауруларына жататын Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі кодтардың тізбесі;

14) осы Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес хирургиялық операциялар жағдайлары үшін туа біткен даму кемістіктері Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі кодтардың тізбесі;

15) осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес хирургиялық операцияларсыз жағдайлар үшін туа біткен даму кемістіктерінің Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі кодтарының тізбесі;

16) осы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес кардиохирургиялық операцияларды қоспағанда, неонаталдық кезеңде жүргізілетін Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-9 бойынша кодтардың тізбесі;

17) осы Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес ауырлығы бойынша елеусіз Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-9 кодтарының тізбесі;

18) осы Қағидаларға 33-қосымшаға сәйкес ауырлығы жағынан елеулі Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-9 бойынша кодтардың тізбесі;

19) осы Қағидаларға 34-қосымшаға сәйкес неонаталдық клиникалық-шығындық топтар үшін қосымша шығындардың тізбесі;

20) осы Қағидаларға 35-қосымшаға сәйкес АХЖ-10 бойынша нақтылайтын қорытынды диагноздардың тізбесі.

102. Терминалдық сатыдағы бүйрек функциясының созылмалы жеткіліксіздігі бар науқастарға тәуліктік стационар жағдайында гемодиализ қызметтері үшін ақы төлеу негізгі және ілеспе диагноз болып табылатын, негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша және көрсетілген сеанстардың құнына тарифтер бойынша ақы төлене отырып жүргізіледі.

103. Дәрі-дәрмектік терапиямен беті қайтарылмаған, жіті бүйрек функциясының жеткіліксіздігімен асқынған аурулардың ауыр жағдайлары кезінде тәуліктік стационар

жағдайларында гемодиализ қызметтері үшін ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша немесе тарифтер бойынша көрсетілген сеанстардың құнына ақы төлей отырып жүргізіледі.

104. Осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес қосымша шығыстарға ақы төлей отырып, клиникалық-шығындық топтардың құны бойынша ақы төлеуге жататын жағдайлардың тізбесі бойынша тәуліктік стационар жағдайында жүктілік пен босанудың асқынған ағымы үшін ақы төлеу дәрілік заттар мен МБ-ға арналған қосымша шығыстарға ақы төлей отырып, негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ құны бойынша өңірлендіру қағидаттарын ескере отырып, жүзеге асырылады.

Тәуліктік стационар жағдайларында альбуминдік және перитонеалдық диализ қызметтері үшін ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операциялардың КШТ бойынша және тарифтер бойынша көрсетілген сеанстардың құнын төлей отырып жүргізіледі.

Денсаулық сақтау ұйымдарына "СНЭТ" АЖ-да сканерленген түрде бекітілген жүкқұжат бойынша үйде перитонеалдық диализді өз бетінше жүргізу үшін пациентке берілген шығыс материалдарына арналған шығындар төленеді.

105. Өкпе гипертензиясын, сондай-ақ тәулік бойы стационар жағдайында асқынған өкпе гипертензиясын емдеу кезінде азот монооксидін қолданған жағдайда ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша тарифтер бойынша көрсетілген қызметтердің құнын төлей отырып жүргізіледі.

106. Қор тәуліктік стационар жағдайында жүргізілетін терапияның тиімсіздігі және осы Қағидалардың талаптарына кірмейтін дәрілік заттар мен МБ-ны өмірлік көрсетілімдері бойынша науқасқа негізді ұсыну жағдайында емделіп шығу жағдайы үшін осы қосымша шығындарға ақы төлейді және осы Қағидалардың 19-тармағында көзделген тәртіппен стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасында көрсетеді.

Қосымша шығындарға ақы төлеу:

1) есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей Қорға жіберілетін, осы Қағидалардың талаптарына кірмейтін қосымша дәрілік заттарды және МБ-ны науқасқа ұсынғаны үшін мәлімделген шығындарды растайтын құжаттарды қоса бере отырып, қызметтер берушінің жазбаша өтінішінің;

2) осы Қағидалардың талаптарына кірмейтін қосымша дәрілік заттар мен МБ-ны пациентке ұсынудың негізділігі туралы сапа мен көлем мониторингі нәтижелерінің;

3) Қор құратын дәрілік заттар мен МБ-ға қосымша шығындардың негізділігі туралы комиссиялардың оң қорытындысының;

4) Қордың және қызметтер берушінің атынан уәкілетті тұлғалар қол қойған салыстырып-тексеру актісінің негізінде жүзеге асырылады.

107. Тәуліктік стационар жағдайында химия терапия жүргізілген лимфоидты және қан түзетін тіндердің қатерлі ісіктері бар пациенттерге көрсетілетін медициналық көмекке ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операциялардың КШТ бойынша оның

шекті көлемінен аспайтын нақты шығындар бойынша химиялық препараттардың құнын төлей отырып жүзеге асырылады.

108. Лимфоидты және қан түзетін тіндердің қатерлі ісіктерінің жіті түрлерін және қан түзу депрессиясын емдеу кезінде тәуліктік стационарға алғашқы емдеуге жатқызуға нақты шығындар бойынша химиялық препараттардың құнын төлей отырып, негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша емделіп шығу жағдайының құны бойынша ақы төленеді, кейінгі емдеуге жатқызуларға ақы төлеу оның шекті көлемінен аспайтын нақты шығындар бойынша химиялық препараттардың құнын төлей отырып, негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша емделіп шығу жағдайы құнының отыз пайызы мөлшерінде жүргізіледі.

109. Лимфоидты және қан түзетін тіндердің қатерлі ісіктерінің жіті түрлерін және қан түзу депрессиясын емдеу кезінде жоғары дозалық химия терапияны қолданатын қызметтер берушілерге тәуліктік стационарға кейінгі емдеуге жатқызулар кезінде сүйек кемігін трансплантаттау операциясын жүргізу жағдайларынан басқа, шекті құнынан аспайтын нақты шығындар бойынша химия препараттардың құнын төлей отырып, негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша емделіп шығу жағдайының жетпіс бес пайыздық құны бойынша төленеді. Сүйек кемігін трансплантаттау операциясын жүргізе отырып, лимфоидты және қан түзетін тіндердің қатерлі ісіктері бар пациенттерді емдеу нақты шығындар бойынша химиялық препараттардың құнын төлей отырып, шекті құнынан аспайтын негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша емделіп шығу жағдайының құны бойынша төленеді.

110. Бауыр циррозы мен фиброзын емдеу кезінде ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операцияның тиісті КШТ бойынша және республикалық денсаулық сақтау ұйымдарындағы шығыстар төлене отырып жүргізіледі.

111. Миастенияны тәулік бойы жұмыс істейтін стационарларда емдеу кезінде ақы төлеу негізгі диагноздың КШТ бойынша емделіп шығу жағдайы үшін құны бойынша оның шекті құнынан аспайтын дәрілік заттардың нақты (сатып алу) құны бойынша және пациентке ұсынуды негіздей отырып, плазмаферез сеансының құнын төлей отырып жүзеге асырылады.

112. Күндізгі стационар жағдайында лимфоидты және қан түзетін тіндердің қатерлі ісіктері бар науқастарға медициналық қызметтер көрсететін қызметтер берушілерге ақы төлеу:

1) стационарлық көмектің шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып және нақты шығындар бойынша химиялық препараттардың құнын төлеумен КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтің 1/4 (төрттен бір) тарифі бойынша химия терапия сеансы үшін;

2) стационарлық көмектің шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып және сәулелік терапияның нақты көрсетілген сеанстарының құнын төлеумен КШТ

бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтің 1/4 (төрттен бір) тарифі бойынша сәулелік терапия көрсету кезінде;

3) стационарлық көмектің шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып және нақты шығындар бойынша химиялық препараттардың құнын және сәулелік терапияның нақты көрсетілген сеанстарының құнын өтей отырып, КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтің 1/4 (төрттен бір) тарифі бойынша химия және сәулелік терапия сеанстары үшін жүргізіледі.

Есепті кезеңдегі 1 (бір) науқасқа арналған химия терапия мен сәулелік терапияның барлық сеанстары бір емделіп шығу жағдайы ретінде есептеледі.

113. Онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсету кезінде республикалық денсаулық сақтау ұйымдары нақты шығыстар бойынша иондаушы сәулеленуді қайта қуаттау және сервистік қызметтер көрсету қызметтеріне арналған шығыстарды төлейді.

4-параграф. Медициналық-экономикалық тарифтер бойынша онкологиялық аурулары бар балаларға стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету жағдайларына ақы төлеу тәртібі

114. Тәуліктік стационар деңгейінде онкологиялық аурулары бар балаларға блоктар (схемалар) бойынша көрсетілетін медициналық қызметтерге ақы төлеу емдеудің ұзақтығы мен стационарды алмастыратын көмекті қоса алғанда, нақты нозологияны емдеудің толық курсының құны медициналық-экономикалық тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

115. Ағымдағы қаржы жылының қаңтарындағы стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсеткені үшін шот-тізілімге олар бойынша медициналық көмек көрсетудің басталуы алдыңғы қаржы жылында басталған және ағымдағы қаржы жылында аяқталған жағдайлар енгізіледі.

116. Сапа мен көлем мониторингін жүргізуге байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының қолданылуы ішінде ақы төлеуге қабылданбаған, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты қолданылатын жылдың 1 желтоқсанынан бастап көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының қолданылу мерзімі аяқталатын күнге дейін шот-тізілімге кірмеген көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартына сәйкес ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты қолданылатын жылдан кейінгі жылы жүргізіледі.

Өткен жылдың желтоқсанында көрсетілген ТМККК шеңберіндегі және (немесе) МӘМС жүйесіндегі қызметтер үшін сома алдыңғы қаржы жылының 11 айы үшін төлеуге қабылданған сома бойынша орташа айлық нақты орындалу сомасынан аспайды

117. Нақты нозологияны емдегені үшін ақы төлеу сомасы емдеудің толық курсының құнынан аспайды. Медициналық-экономикалық тарифтер бойынша ақы төлеу кезең-кезеңмен емдеу курсының блоктары (сызбалары) бойынша жүзеге асырылады.

Егер өткізілген төсек-күндердің саны бір емдеу блогының (сызбасының) белгіленген емдеу мерзімінің 50 (елу) және одан да аз пайызын құраса, ақы төлеу емдеу блогы (сызбасы) құнының 30 (отыз) пайызы ұсталып, жүргізіледі.

118. Емдеу блоктары (сызбалары) арасындағы емдеу үзілісінде онкологиялық аурулары бар балаларды байқау қажет болған кезде ақы төлеу стационарды алмастыратын көмек деңгейінде жүзеге асырылады.

Онкологиялық аурулары бар балалар үшін оңалтуды көрсету кезінде қызметтер беруші Қормен келісу бойынша қызметтер көрсету бойынша өзінің міндеттемелерінің бір бөлігін беру арқылы бірлесіп орындаушыларды тартады. Бірлесіп орындаушылардың көрсетілген қызметтеріне ақы төлеу осы Қағидалардың 33-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

119. Амбулаториялық емдеу кезеңі бар нозологиялар үшін дәрілік заттар стационарлық емдеу курсы аяқталғаннан кейін беріледі, бұл ретте пациентке берілген дәрілік заттар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-75 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23885 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесіне кіретін дәрілік заттарды қоспағанда, "СНЭТ" АЖ-де сканерленген түрде қоса берілген жүкқұжат негізінде жүзеге асырылады.

5-тарау. Ауыл халқына медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу тәртібі

120. Амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда және үйде, МСАК және мамандандырылған медициналық көмек көрсететін қызметтер беруші – денсаулық сақтау субъектілерінің (бұдан әрі – ауыл халқына көрсетілетін қызметтер) көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу бекітілген ауыл халқына (бұдан әрі – ауыл субъектілері) көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген сома шегінде жүзеге асырылады:

1) ауыл халқына көрсетілетін қызметтер;

2) 4-жеделдік санатындағы шақырту қызметін көрсету үшін бекітілген халыққа кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету;

3) арнайы ақуызы төмен емдік өнімдермен және құрамында фенилаланині төмен өнімдермен қамтамасыз ету;

4) № ҚР ДСМ-174/2020 бұйрыққа және № ҚР ДСМ-37 бұйрыққа сәйкес ауыл тұрғындары қатарындағы адамдардың қосымша нысаналы топтары үшін скринингтік зерттеулер жүргізу;

5) медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары жанындағы жедел медициналық жәрдем бөлімшелерінің (мобильдік бригадалардың) жүргізушілеріне ерекше еңбек жағдайлары үшін базалық лауазымдық айлықақының 200% мөлшерінде қосымша ақы төлеуге;

6) интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына медициналық көмек көрсету үшін;

7) "Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту" ұлттық пилоттық жобасын (бұдан әрі – ұлттық жоба) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 962 қаулысына сәйкес пайдалануға берілген "Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту" пилоттық Ұлттық жобасы шеңберінде қайтадан енгізілген медициналық-санитариялық алғашқы көмек объектілерінің шығындарын өтеу.

ДСБ ай сайын есепті кезеңнен кейінгі 20-күнге дейін осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары жанындағы жедел медициналық жәрдем бөлімшелерінің (мобильдік бригадалардың) жүргізушілеріне ерекше еңбек жағдайлары үшін базалық лауазымдық айлықақының 200% мөлшерінде қосымша ақы төлеу жөніндегі есепті Қорға ұсынады.

ДСБ ай сайын есепті кезеңнен кейінгі 20-күнге дейін Қорға ауылдық денсаулық сақтау субъектілері бойынша жиынтық ақпаратты, ұлттық жоба шеңберінде қайтадан енгізілген МСАК объектілерінің шығындары жөніндегі ақпаратты осы Қағидаларға 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

121. Ауыл халқына қызметтер көрсеткені үшін ақы төлеу ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив (бұдан әрі – ауыл халқына КЖН) бойынша жүзеге асырылады, оған мыналар кіреді:

1) №ҚР ДСМ-90 бұйрықпен бекітілген көрсетілетін қызметтер тізбесі бойынша амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда және бекітілген ауыл халқына үйде МСАК қызметтерінің кешенін және мамандандырылған медициналық көмекті қамтамасыз ету;

2) МСАК жұмыскерлерін ынталандыру.

122. Бекітілген ауыл халқына 4-жеделдік санатындағы шақырту қызметін көрсету үшін тәулік бойы кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу кезек күттірмейтін көмек көрсетуге арналған жан басына шаққандағы норматив бойынша жүзеге асырылады.

123. Фенилкетонуриямен ауыратын бекітілген ауыл халқына қызметтер көрсететін ауыл субъектілері үшін ақуызы төмен емдік өнімдермен және құрамында фенилаланині төмен өнімдермен қамтамасыз ету үшін ақы төлеу нақты шығындар бойынша жүзеге асырылады.

124. ДСБ шешімі бойынша ақуызы төмен емдік өнімдермен және құрамында фенилаланині төмен өнімдермен орталықтандырылған қамтамасыз ету үшін ауыл субъектілерін айқындауға жол беріледі.

Ақуызы төмен емдік өнімдермен және құрамында фенилаланині төмен өнімдерді босату үшін ақы төлеу мақсатында "ДҚ" АЖ-да тіркеледі.

125. "БХТ" АЖ-да тіркелген бекітілген халықтың саны бойынша МСАК көрсететін ауыл субъектілері үшін есепті кезең үшін КЖН ауыл халқына есепті кезеңнің соңғы күнінде айқындалады.

126. Есепті кезеңде ауыл халқына қызметтер көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы ауыл халқына арналған КЖН-ды есепті кезеңде "БХТ" АЖ-да тіркелген, бекітілген ауыл халқының орташа тізімдік санына көбейту арқылы айқындалады.

Есепті кезеңдегі бекітілген ауыл халқының орташа тізімдік саны есепті кезеңнің әрбір күнтізбелік күні үшін "БХТ" АЖ-да тіркелген бекітілген ауыл халқының санын қосу және алынған соманы айдың күнтізбелік күндерінің санына бөлу арқылы айқындалады.

Есепті кезеңдегі ауыл халқына арналған КЖН бойынша ауыл халқына қызметтер көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы көрсетілген қызметтердің көлеміне байланысты болмайды.

127. Есепті кезеңде интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына медициналық көмек көрсетудің МСАК субъектілерінің қызметтерін көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы ДСБ бұйрығы негізінде МСАК субъектісіне бекітілген оқушылар санына айына оқушының жан басына шаққандағы нормативін көбейту жолымен айқындалады.

128. Қор осы Қағидалардың 28-тармағында көрсетілген салыстырып-тексеру актісінің негізінде ауыл субъектісіне бекітілген фенилкетонуриямен ауыратын адамдар санының немесе медициналық көрсетілімі бойынша арнайы емдік өнімдер түрлерінің өзгеруіне байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының сомасын түзетуді жүзеге асырады.

129. МӘМС жүйесінде бекітілген ауыл халқына стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда және үйде мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу 4-тараудың 2-параграфына сәйкес жүзеге асырылады.

ТМККК шеңберінде стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу ұлттық жобаға сәйкес жаңғыртылған денсаулық сақтау субъектілерінің тізбесі бойынша, 37-қосымшаға сәйкес Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-9 кодтар тізбесі бойынша 4-тараудың 2-параграфына сәйкес жүзеге асырылады.

130. Ауыл халқына медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу және шот-тізілімді автоматтандырылған түрде қалыптастыру және ақы төлеуге ұсынылатын соманы дұрыс есептеу үшін ауыл субъектісі:

1) МАЖ-дың "Тіркеу бөлімі" модулінде дәрігерлердің қабылдау графигі мен кестесін, дәрігерге қабылдауға жазылу, активтер мен үйге шақыртулар бойынша мәліметтерді күн сайын енгізуді;

2) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманы қалыптастыру үшін бекітілген ауыл халқына амбулаториялық жағдайларда көрсетілген қызметтерді "БТЖ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-да күн сайын дербестендірілген тіркеуді;

3) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманы қалыптастыру үшін КДҚ-ға сыртқы бағыттарды "БТЖ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-да күн сайын енгізуді;

4) "ДҚ" АЖ-да емшек сүтінің бейімделген алмастырғыштарын босатуды күн сайын енгізуді;

5) "ДҚ" АЖ-да ақуызы төмен емдік өнімдер мен құрамында фенилаланині төмен өнімдерді босатуды күн сайын енгізуді;

6) бірлесіп орындау шарттары бойынша деректерді "БТЖ" АЖ-да олар жасалған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей енгізу және растауды;

7) "БТЖ" АЖ-да қызметтер берушінің бекітілген халыққа КДҚ көрсетуге бірлесіп орындау шартын орындау хаттамасын, қызметтер берушінің бекітілген халыққа бірлесіп орындау шарты бойынша КДҚ көрсетілген қызметтер актісін қалыптастыруды ;

8) есептеу мен бөлу осы тараудағы айқындалған тәртіппен жүзеге асырылатын ЖБНЫК-ны төлеу үшін қажетті деректерді "БТЖ" АЖ-да енгізуді;

9) осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес "ЖБНҚК" АЖ-ға деректерді енгізуді;

10) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттама нысандары бойынша МАЖ-да деректерді күн сайын енгізуді және растауды;

11) пациенттің стационардан шыққан күнінен кейінгі күннен кешіктірмей "СНЭТ" АЖ-да шығару эпикризін қалыптастыруды;

12) медициналық карталардан "СНЭТ" АЖ-да деректерді енгізу нәтижелері бойынша стационардан шыққан адамның статистикалық картасын (№ҚР ДСМ-175/2020 бұйрыққа бекітілген бастапқы медициналық құжаттама нысандары) қалыптастыруды;

13) осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларына сәйкес көрсетілген қызметтер туралы деректерді күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде "БТЖ" АЖ-ға жіберуді қамтамасыз етеді.

Ағымдағы есепті кезең үшін АЕК қызметтерін көрсеткені үшін қызметтер берушіге шот-тізілімді қалыптастыру ағымдағы есепті кезең үшін жасалған бірлесіп орындау шарттары бойынша бірлесіп орындаушылар "БТЖ" АЖ-да төлеуге ұсынған шот-тізілімдер болмаған жағдайларда жүргізілмейді.

131. Қор ауыл субъектілері бойынша:

1) АТЖ-да стационарлық және стационарды алмастыратын көмектің сапасын сараптау нәтижелерін енгізеді;

2) АТЖ-да стационарлық науқастардың әрбір өлім жағдайына (өліммен аяқталған) сараптамалық қорытындыны сканерленген түрінде бекітеді.

6-тарау. Онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу

132. Қызметтер берушілердің онкологиялық көмек көрсетудің бірінші, екінші, үшінші деңгейлерінде көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген соманың шегінде:

1) лимфоидты және қан түзетін тіндердің қатерлі ісіктерінің кодтарын (АХЖ-10 кодтарына сәйкес: С81-С96, D45-D47) қоспағанда, ісіктермен онкологиялық науқастарға (АХЖ-10 кодтарына сәйкес: С00-С80, С97, D00-D09, D37-D44, D48) стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып, КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тариф бойынша;

2) өспелерді емдеу мен анықтау диагностикасы үшін амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін және онкологиялық көмек көрсетудің екінші, үшінші деңгейлеріндегі онкологиялық науқастарды динамикалық байқау кезінде;

3) ерекше ем жүргізуге мүмкіндік бермейтін, ауырлататын ілеспе патологиясы бар IV клиникалық топтағы онкологиялық науқастарға мобильдік бригадалардың паллиативтік көмек көрсеткені үшін тарифтер бойынша;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 5 қазандағы № 874 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында онкологиялық ауруларға қарсы күрес жөніндегі 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспар іс-шараларын іске асыру шеңберінде сәулелік жабдықты қайта қуаттау және иондаушы сәулеленуге сервистік қызмет көрсету қызметтерін жүргізгені үшін – нақты шығыстар бойынша.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген қызметтер көрсетілген жағдайда қызметтерді сатып алу шартының орындалуын бағалауда Сызықтық шкала қолданылмайды.

133. Осы Қағидалардың 132-тармағының 2) тармақшасына сәйкес шот-тізілімді автоматтандырылған түрде қалыптастыру үшін онкологиялық көмек көрсетудің екінші және үшінші деңгейлерінде өспелерді диагностикалау және емдеу, онкологиялық науқастарды динамикалық байқау кезінде амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені және төлеуге ұсынылатын соманы дұрыс есептегені үшін қызметтер беруші "БТЖ" АЖ-да № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттамаға сәйкес көрсетілген медициналық қызметтер туралы деректерді енгізуді және растауды және оларды қызметтер көрсетілген сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде, бірақ есепті айдан кейінгі айдың үшінші күнінен кешіктірмей "БТЖ" АЖ-да жөнелтуді қамтамасыз етеді.

134. Ағымдағы қаржы жылының қаңтарындағы стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсеткені үшін шот-тізілімге олар бойынша медициналық көмек көрсетудің басталуы алдыңғы қаржы жылында басталған және ағымдағы қаржы жылында аяқталған жағдайлар енгізіледі.

135. Лимфоидты және қан түзетін тіндердің қатерлі ісіктерін қоспағанда, өспелері бар науқастарға стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып, КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін жүзеге асырылады.

136. АХЖ-10 сәйкес D10-D36 кодтар бойынша өспелері бар науқастарға шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып, КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін ақы төлеу 2-параграфқа "Стационарды алмастыратын, стационарлық жағдайларда және үйде мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу тәртібіне" сәйкес жүзеге асырылады.

137. "РБЖ" АЖ тіркелген оқшауланған стационардың бөлімшелері (бөлімшелері) арасында онкологиялық аурулары бар пациентті ауыстырған жағдайда пациентті емдеуге ақы төлеу қорытынды диагноз бойынша бір емделіп шығу жағдайы ретінде жүзеге асырылады.

138. Онкологиялық аурулары бар пациенттің ауысуына, өз бетінше кетуіне байланысты тәуліктік стационарда қысқа мерзімді (3 (үш) тәулікке дейін) болуы негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ құнынан нақты жүргізілген төсек-күндер бойынша төленеді.

Қысқа мерзімде болу кезінде (үш тәулікке дейін қоса алғанда) алдын алуға келмейтін өлім жағдайлары жағдайында ақы төлеу негізгі диагноздың немесе операцияның КШТ бойынша емделіп шығу жағдайының елу проценттік құны бойынша жүргізіледі.

139. Онкологиялық аурулары негізгі диагноз болып табылатын науқастарға тәулік бойы стационар жағдайында интраперитонеальді химиотерапия және электрохимиотерапия қызметтері үшін ақы төлеу негізгі диагноздың КШТ бойынша және тарифтер бойынша көрсетілген сеанстардың құнын төлей отырып жүргізіледі.

140. 50-қосымшасында көрсетілген операция кодтары бойынша нерв жүйесінің ісіктері бар науқастарға хирургиялық араласу көрсете отырып, стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтері бойынша жүзеге асырылады.

141. Онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсету жағдайларын тіркеу "ОНЭТ" АЖ-да (МАЖ мен "ОНЭТ" АЖ арасында талап етілетін интеграция болған кезде МАЖ-да) енгізу жолымен жүзеге асырылады:

1) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманы қалыптастыру үшін амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда және үйде мамандандырылған медициналық көмек көрсету туралы деректерді күн сайын растау;

2) пациент стационардан шыққаннан немесе амбулаториялық емдеу аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде шығару эпикризін растау;

3) таргеттік препараттарды қоса алғанда, есепті кезеңде онкологиялық науқастарға қолданылған химиялық препараттар туралы деректерді емдеудің барлық кезеңдерінде растау.

142. Онкологиялық науқастарға химиялық препараттарды іс жүзінде пайдалану жөніндегі деректерді "ОНЭТ" АЖ-да енгізуді химиялық препараттардың шекті бағасынан аспайтын нақты (сатып алу) құнын ескере отырып, химиялық препараттарды қолдану схемасына сәйкес қызметтер берушінің химиотерапевт дәрігері жүзеге асырады.

143. "ОНЭТ" АЖ-да ұсынылған шығындарды растайтын құжаттарды қоса бере отырып, иондаушы сәулеленуді қайта зарядтауды және сервистік қызметтер көрсетуді нақты жүргізу бойынша деректерді енгізу жүзеге асырылады.

144. Қызметтер беруші онкологиялық науқастарға (диагнозды верификациялауға бағытталған обыр алды аурулары бар науқастарға) медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету мақсатында онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсету үшін бірлесіп орындаушыны тартады. Бірлесіп орындаушының көрсеткен қызметтері үшін ақы төлеу көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының сомасы шегінде азаматтық заңнамаға сәйкес бірлесіп орындаушымен жасалған шарт бойынша:

1) лимфоидты және қан түзетін тіндердің қатерлі ісіктерін қоспағанда (АХЖ-10: С00-С80, С97, D00-D09, D37-D44, D48 кодтары бойынша) өспелері бар науқастарға стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін (АХЖ-10: С81-С96, D45-D47 кодтары бойынша) шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып, КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтер бойынша;

2) осы Қағидалардың 132-тармағының 2) - 3) тармақшаларына сәйкес КДҚ көрсетілгені үшін тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

145. Онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсету кезінде емделіп шығу жағдайларына ақы төлеу үшін кодтардың, байланыстырулардың және қосымша шығындардың мынадай тізбелері қолданылады:

1) Осы Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі диагноз болып табылатын нерв жүйесінің өспелері диагноздарының тізбесі;

2) Осы Қағидаларға 39-қосымшаға сәйкес Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі диагноз болып табылатын көздің және қосалқы аппараттың өспелерінің диагноздарының тізбесі;

3) Осы Қағидаларға 40-қосымшаға сәйкес Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі диагноз болып табылатын есту ағзаларының, қосалқы қуыстардың, көмейдің, ауыз қуысының, мұрынның өспелері диагноздарының тізбесі;

4) Осы Қағидаларға 41-қосымшаға сәйкес Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі диагноз болып табылатын кеуде қуысы ағзаларының өспелері диагноздарының тізбесі;

5) Осы Қағидаларға 42-қосымшаға сәйкес Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі диагноз болып табылатын дәл белгіленбеген, салдарлық және орналасуы анықталмаған өспелері диагноздарының тізбесі;

6) Осы Қағидаларға 43-қосымшаға сәйкес Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі диагноз болып табылатын ішперде қуысының өспелері диагноздарының тізбесі;

7) Осы Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі диагноз болып табылатын тірек-қимыл аппаратының және дәнекер тіннің өспелері диагноздарының тізбесі;

8) Осы Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі диагноз болып табылатын терінің, тері асты шелмайының және сүт безінің өспелері диагноздарының тізбесі;

9) Осы Қағидаларға 46-қосымшаға сәйкес Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі диагноз болып табылатын несеп шығару жүйесі ағзаларының өспелері диагноздарының тізбесі;

10) Осы Қағидаларға 47-қосымшаға сәйкес Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі диагноз болып табылатын ерлердің жыныс мүшелерінің өспелері диагноздарының тізбесі;

11) Осы Қағидаларға 48-қосымшаға сәйкес Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі диагноз болып табылатын әйелдердің жыныс мүшелерінің өспелері диагноздарының тізбесі;

12) Осы Қағидаларға 49-қосымшаға сәйкес нақты емделмеген, аралас/кешенді араласулары бар, химиоэмболизацияны қолдана отырып немесе қолданбай эндовакулярлық араласулары бар жағдайлар бойынша Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі диагноз болып табылатын қатерлі ісіктер диагноздарының тізбесі;

13) Осы Қағидаларға 50-қосымшаға сәйкес 1-деңгейдегі ісікке қарсы препараттарды қолдану жағдайлары бойынша Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі диагноз болып табылатын қатерлі ісіктер диагноздарының тізбесі;

14) Осы Қағидаларға 51-қосымшаға сәйкес 2-деңгейдегі ісікке қарсы препараттарды қолдану жағдайлары бойынша Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі диагноз болып табылатын қатерлі ісіктер диагноздарының тізбесі;

15) Осы Қағидаларға 52-қосымшаға сәйкес 3-деңгейдегі ісікке қарсы препараттарды қолдану жағдайлары бойынша Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша негізгі диагноз болып табылатын қатерлі ісіктер диагноздарының тізбесі;

16) Осы Қағидаларға 53-қосымшаға сәйкес Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі АХЖ-10 бойынша хирургиялық араласусыз жағдайлар бойынша негізгі диагноз болып табылатын қатерсіз ісіктер диагноздарының тізбесі.

146. Жоғары технологиялық медициналық қызметтерге ақы төлеу тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

Амбулаториялық деңгейде сәулелік терапия өткізгені үшін ақы төлеу нақты көрсетілген сәулелік терапия сеанстары үшін тарифтер бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте, қызметтер беруші сәулелік терапия құнының есебінен науқастарың пансионтта тұруын қамтамасыз етеді.

147. Мобильдік бригада қызметтерін қоспағанда, спецификалық емдеуді жүргізуге мүмкіндік бермейтін, ауырлататын іліспелі патологиясы бар IV клиникалық топтағы онкологиялық науқастарға паллиативтік көмек көрсету үшін ақы төлеу бір төсек-күн тарифі бойынша жүзеге асырылады.

7-тарау. Туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін ақы төлеу тәртібі

148. Қызметтер берушілерге – туберкулезге қарсы дисансерлерге ақы төлеутуберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген сома шегінде жүзеге асырылады:

1) туберкулезбен ауыратын бір науқасқа арналған кешенді тариф бойынша;

2) № ҚР ДСМ-77 бұйрыққа және "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттың халықаралық патенттелмеген атауына немесе медициналық бұйымның техникалық сипаттамасына шекті бағаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 4 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-96 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24253 болып тіркелген) сәйкес ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде дәрілік заттың немесе медициналық бұйымның саудалық атауына арналған шекті бағасынан аспайтын туберкулезге қарсы препараттардың нақты (сатып алу) құны бойынша, Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттың халықаралық патенттелмеген атауына немесе медициналық бұйымның техникалық сипаттамасына шекті баға медициналық ұйымдардың дәрілік формулярына сәйкес туберкулезге қарсы препараттармен қамтамасыз еткені үшін;

3) өңіраралық деңгейде туберкулез кезінде хирургиялық көмек көрсету үшін КШТ бойынша жүзеге асырылады.

149. Көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу туберкулезбен ауыратын бір науқасқа арналған кешенді тариф бойынша жүзеге асырылады, ол мыналарға:

1) туберкулез ауруының болуына күдікті адамдарға туберкулезді анықтау бойынша емдеу-диагностикалық іс-шараларды жүзеге асыруға;

2) туберкулезбен ауыратын (белсенді туберкулез) адамдарды емдеу-диагностикалық іс-шаралармен қамтамасыз ету және туберкулезге қарсы диспансерлерде диспансерлік есепте тұратын адамдарды диспансерлік байқауға;

3) туберкулезден ауыратын адамдарға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсетуге;

4) динамикалық байқаудан алып тасталғандарды қоспағанда, туберкулезбен ауыратын және туберкулезді басынан өткерген ересектер мен балаларға медициналық оңалтуды көрсетуге;

5) латентті туберкулез инфекциясына профилактикалық ем көрсетуге шығындарды көздейді.

Республикалық ұйымда туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін ақы төлеу стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсеткені үшін бір төсек-күн үшін тариф бойынша жүзеге асырылады.

150. Туберкулезге қарсы диспансерлерде туберкулезбен ауыратын және туберкулезді басынан өткерген ересек адамдар мен балаларға қалпына келтіру емін және медициналық оңалтуды жүзеге асыратын бөлімшелер болмаған жағдайда, Қормен келісу бойынша денсаулық сақтау субъектілері қызметтерді сатып алу шарты бойынша көзделген қаражат есебінен бірлесіп орындаушы ретінде тартылады.

151. Туберкулезге қарсы диспансер туберкулезбен ауыратын бір науқасқа арналған кешенді тариф бойынша медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы есепті кезеңдегі туберкулезбен ауыратын бір науқасқа арналған кешенді тарифті есепті кезеңде туберкулездің белсенді түрімен ауыратын науқастардың орташа тізімдік санына көбейту арқылы айқындалады.

Есепті кезеңде туберкулездің белсенді түрімен ауыратын науқастардың орташа тізімдік саны есепті кезеңнің әрбір күнтізбелік күніне "ДНЭТ" АЖ-да ТНҰТ-та тіркелген туберкулезбен ауыратын науқастардың санын қосу жолымен және алынған соманы айдың күнтізбелік күндер санына бөлу жолымен айқындалады.

152. Туберкулезге қарсы диспансер ақы төлеуге ұсынатын және туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін шот-тізілімде көрсетілетін соманы автоматтандырылған есептеу:

"Инфекциялық, паразиттік аурулар және (немесе) улану оқиғаларын, иммундаудан кейінгі қолайсыз көріністерді тіркеу және тергеп-тексеру, есепке алу мен есептілігін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-169/2020 бұйрығына сәйкес "ДНЭТ" АЖ-да белсенді туберкулезбен ауыратын адамдарды тіркеу (қайта тіркеу), есепке қою және есептен шығару (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21562 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-169/2020 бұйрық);

"ДҚ" АЖ-да туберкулезге қарсы препараттардың шығысын (кіріс, есептен шығару) тіркеу негізінде жүзеге асырылады.

153. Туберкулезбен ауыратын науқастарды есепке қоюды тіркеуді (қайта тіркеуді) туберкулезге қарсы диспансер "Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21879 болып тіркелген) сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманы қалыптастыру үшін күн сайын автоматтандырылған режимде "ДНЭТ" АЖ-да ТНҰТ-та жүзеге асырады.

154. Туберкулездің белсенді түрімен ауыратын науқастың есептен шығарылуын тіркеуді туберкулезге қарсы диспансер "ДНЭТ" АЖ-да ТНҰТ-та автоматтандырылған режимде:

1) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттама нысандары;

2) азаматтардың хал актілерін тіркеу бөлімі (бұдан әрі – АХАТБ) органдарынан келіп түсетін қайтыс болу туралы мәліметтер;

3) "БХТ" АЖ-да тіркелген туберкулезбен ауыратын науқастың қайтыс болуы туралы куәлік;

4) "ДНЭТ" АЖ-да ТНҰТ-та туберкулезбен ауыратын науқастың қайтыс болу жағдайын тіркеу фактісі;

5) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттама нысаны бойынша белгіленген туберкулезбен ауыратын науқастың басқа өңірге кетуін растау;

6) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін шығу;

7) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттама нысанының медициналық картасының деректері негізінде жүзеге асырады.

Туберкулездің белсенді түрімен ауыратын науқастарды есептен шығарылуын тіркеу нәтижелері бойынша "ДНЭТ" АЖ-да ТНҰТ-та автоматтандырылған режимде белсенді науқастардың есебінен шығарылған туберкулездің белсенді түрімен ауыратын науқастардың тізімдері қалыптастырылады.

155. Көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу үшін туберкулезге қарсы диспансер туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді тіркеу кезінде "ДНЭТ" АЖ-да ТНҰТ-та:

1) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманы қалыптастыру үшін деректерді күн сайын енгізуді және растауды;

2) пациент стационардан шығарылған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттама нысандарын қалыптастыруды;

3) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманы қалыптастыру үшін стационардан шыққан адамның статистикалық карталарын стационардан шығарған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

156. Қайтыс болған күні өткен есепті кезеңде тіркелген науқастарды қайтыс болу себебі бойынша "ДНЭТ" АЖ-да ТНҰТ-та туберкулездің белсенді түрімен ауыратын науқас ретінде есептен шығарған жағдайда ақы төлеу АБЖ-ға сәйкес ақаулар тізбесі бойынша күніне туберкулезбен ауыратын бір науқасқа арналған кешенді тариф бойынша қайтыс болған күнін тіркеген күннен бастап туберкулезбен ауыратын науқастың есепте тұрған әрбір күнтізбелік күні үшін есептелген соманы және айыппұл санкцияларын алуды ескере отырып, есепті кезеңде жүзеге асырылады.

157. "ДНЭТ" АЖ-да ТНҰТ-та туберкулездің белсенді түрімен ауыратын науқасты уақтылы есептен шығармағаны және адамның қайтыс болуы туралы туралы мәліметтерді уақтылы тіркемегені үшін айыппұл санкциялары қайтыс болғаннан кейін тіркелген туберкулезбен ауыратын науқастарға, сондай-ақ 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін туберкулезбен ауырған қайтыс болған науқастарға қатысты қолданылмайды.

158. Туберкулезге қарсы препараттарға кеткен шығыстарды "ДҚ" АЖ-да тіркеуді туберкулезге қарсы диспансер жүзеге асырады.

Басқа денсаулық сақтау ұйымдары туберкулезге қарсы препараттарды беруді тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-214/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21695 болып тіркелген) бекітілген Туберкулез профилактикасы жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидаларына сәйкес туберкулезге қарсы диспансер олармен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге өтеусіз шарт жасасады. Туберкулезге қарсы препараттарды өтеусіз азаматтық-құқықтық шарт бойынша босатуды жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары "ДҚ" АЖ-ға туберкулезге қарсы препараттардың шығысын енгізеді және растайды.

8-тарау. АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін ақы төлеу тәртібі

159. Қызметтер берушілер – АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсететін облыстық, қалалық орталықтарға (бұдан әрі – АИТВ профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтар) ақы төлеу:

- 1) АИТВ инфекциясын жұқтырған бір адамға арналған тариф бойынша;
- 2) достық кабинеттеріне жүгінген халықтың негізгі топтарынан шыққан бір адамға арналған тариф бойынша;
- 3) халықты АИТВ инфекциясына зерттеп-қарау тарифтері бойынша;
- 4) № ҚР ДСМ-77 бұйрыққа сәйкес антиретровирустық препараттардың шекті бағасынан аспайтын нақты (сатып алу) құны бойынша медициналық ұйымдардың дәрілік формулярына сәйкес антиретровирустық препараттармен қамтамасыз еткені үшін жүзеге асырылады.

160. Консультациялық-диагностикалық көмек нысанында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін республикалық денсаулық сақтау ұйымына ақы төлеу тариф бойынша жүзеге асырылады.

161. Көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмекті қамтамасыз етуді қамтитын АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдарға консультациялық-диагностикалық көмек көрсету, оның ішінде АИТВ инфекциясының анадан шаранаға және балаға берілу қаупін төмендету жөніндегі профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыруда АИТВ инфекциясын жұқтырған бір адамға тариф бойынша жүзеге асырылады:

162. АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін АИТВ профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтарға ақы төлеу сомасы есепті кезеңде АИТВ инфекциясын жұқтырған бір адамға тарифті АИТВ инфекциясын жұқтырған науқастардың орташа тізімдік санына көбейту жолымен айқындалады.

Есепті кезеңдегі АИТВ инфекциясын жұқтырған науқастардың орташа тізімдік саны есепті кезеңнің әрбір күнтізбелік күнінде АИТВ инфекциясын жұқтырған науқастардың санын қосу және алынған соманы айдың күнтізбелік күндерінің санына бөлу арқылы айқындалады.

163. Республикалық денсаулық сақтау ұйымының қызметтер көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы медициналық көрсетілетін қызметтерге тарифтерді нақты көрсетілген қызметтер санына көбейту жолымен айқындалады.

164. Достық кабинеттердегі халықтың осал топтары үшін медициналық көмек көрсеткені үшін АИТВ-ның алдын алу және оған қарсы күрес орталықтарына ақы төлеу сомасы Достық кабинетке жүгінген халықтың түйінді топтарының бір тұлғасына тарифті халықтың түйінді топтарынан өтініш білдіргендер санына көбейту жолымен айқындалады.

165. Достық кабинеттеріндегі халықтың негізгі топтары үшін тарифке мыналар кіреді:

1) жасырын медициналық зерттеп-қарауды қамтамасыз ету, психологиялық-әлеуметтік, заң консультацияларын, сенім пункттерінің, достық кабинеттерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

2) халықтың негізгі топтарына жататын адамдар арасында АИТВ инфекциясын жұқтырудың жоғары қаупі бойынша емдеу-профилактикалық шараларды жүргізу.

166. Халықты АИТВ инфекциясына зерттеп-қарау үшін және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтарға ақы төлеу сомасы халықты АИТВ инфекциясына зерттеп-қарау тарифін қызметтер санына көбейту жолымен нақты көрсетілген қызметтер бойынша айқындалады.

167. АИТВ профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі орталық есепті кезең үшін ақы төлеуге ұсынатын және АИТВ кезінде медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін шот-тізілімде көрсетілетін соманың есебі:

1) АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдардың есепке қойылуын және есептен шығарылуын тіркеу (қайта тіркеу);

2) стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмекті және амбулаториялық-емханалық көмекті көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің пациенттері үшін АИТВ инфекциясына зертханалық зерттеу жүргізу;

3) достық кабинеттерінде халықтың осал топтарына медициналық көмек көрсету;

4) "ДҚ" АЖ-да қамтамасыз етілген антиретровирустық препараттар рецептілерін тіркеу негізінде қамтамасыз етіледі.

168. Төлеу кезінде АИТВ инфекциясын жұқтырғандарды есепке қоюды тіркеуді (қайта тіркеу) АИТВ профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі орталық № ҚР ДСМ-169/2020 бұйрыққа сәйкес күн сайын автоматтандырылған және қол режимінде:

1) АИТВ инфекциясының зертханалық диагностика алгоритмі бойынша жүргізілген зерттеулердің негізінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Қазақ дерматология және инфекциялық аурулар ғылыми орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны берген және АИТВ профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі аумақтық орталықтарға жіберілген АИТВ инфекциясының бар болуы туралы расталған нәтиже;

2) тұрғылықты жерін ауыстыруға байланысты пациентті ауыстыру туралы басқа АИТВ профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі орталықты хабардар ету негізінде Қазақстан Республикасының өзге әкімшілік-аумақтық бірлігінен АИТВ жұқтырған адамның келуі, сондай-ақ бұрын белгіленген АИТВ диагнозы бар шетелден келген Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұруға келген қандастар, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың негізінде жүзеге асырады.

169. Ақы төлеу үшін АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдардың есептен шығарылуын тіркеуді АИТВ профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі орталық:

1) АИТВ профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі орталыққа есепке қою және диспансерлік байқау үшін тұрғылықты жерін ауыстыруға байланысты пациентті ауыстыру туралы хабарламаны жолдай отырып, АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдардың Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігінің қызметтер көрсететін АИТВ профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтан тыс жерлерге кетуі;

2) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен Қазақстан Республикасының азаматтары туралы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ресми деректері;

3) АХАТБ органдарынан келіп түскен қайтыс болу туралы мәліметтер;

4) "БХТ" АЖ-да тіркелген АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдардың қайтыс болуы туралы куәлік;

5) АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдардың қайтыс болу жағдайын "СНЭТ" АЖ-да тіркеу фактісі негізінде жүзеге асырады.

170. Қайтыс болған күні өткен есепті кезеңде тіркелген науқастарды қайтыс болу себебі бойынша АИТВ инфекциясын жұқтырған науқас ретінде есептен шығарған жағдайда ақы төлеу АБЖ сәйкес ақаулар тізбесі бойынша күніне АИТВ инфекциясымен ауыратын бір науқасқа арналған кешенді тариф бойынша қайтыс болған күнін тіркеген күннен бастап АИТВ инфекциясын жұқтырған науқастың есепте тұрған әрбір күнтізбелік күні үшін есептелген соманы және айыппұл санкцияларын алуды ескере отырып, есепті кезеңде жүзеге асырылады.

171. АИТВ инфекциясын жұқтырған адамды уақтылы есептен шығармағаны және адамның қайтыс болуы туралы мәліметтерді уақтылы тіркемегені үшін айыппұл санкциялары қайтыс болғаннан кейін тіркелген АИТВ инфекциясын жұқтырған науқасқа, сондай-ақ 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін ауырған қайтыс болған адамдарға қатысты қолданылмайды.

172. АИТВ профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтардың сапасы мен көлемінің мониторингі қызметтер берушіге бару жолымен жартыжылдықта 1 (бір) рет жүзеге асырылады. Сапа мен көлем мониторингінің нәтижелері бойынша

Қор ағымдағы және өткен кезеңдерде анықталған бұзушылықтар бойынша ағымдағы кезеңде әрбір бұзушылық үшін АИТВ инфекциясын жұқтырған бір адамға бір кешенді тариф мөлшерінде төлем сомасын ұстап қалуды жүзеге асырады.

9-тарау. Психикалық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін ақы төлеу тәртібі

173. Психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсететін қызметтер беруші – денсаулық сақтау ұйымдарына (бұдан әрі – психикалық денсаулық орталықтары) көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсететін республикалық денсаулық сақтау ұйымдарын қоспағанда, олардың төлемі есептік орташа құны бойынша емделіп шығу жағдайы үшін және бір төсек-күн үшін психикалық денсаулық орталықтарының (бұдан әрі – психикалық денсаулық орталықтарының науқастарына медициналық-әлеуметтік көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі) бір пациентіне денсаулық сақтау субъектілеріне кешенді тариф бойынша жүзеге асырылады.

174. Көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу денсаулық сақтау орталығының бір науқасына арналған кешенді тариф бойынша жүзеге асырылады, ол:

1) диспансерлік есепте тұрған психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтардың (аурулардың) профилактикасына, психикалық денсаулықты зерттеп-қарауға, психикалық бұзылулардың диагностикасына, психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды емдеуге, күтуге және медициналық-әлеуметтік оңалтуға бағытталған қызметтер;

2) диспансерлік есепте тұрмайтын азаматтардың психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтарының (ауруларының) профилактикасына, психикалық денсаулығын зерттеп-қарауға бағытталған қызметтер;

3) психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға мамандандырылған, медициналық-әлеуметтік көмек, оның ішінде әлеуметтік-еңбектік оңалту мынадай түрлерде: жедел медициналық жәрдем, амбулаториялық жағдайларда, стационарлық жағдайларда консультациялық-диагностикалық көмек көрсету, оның ішінде мәжбүрлеп емдеу шараларын қолдану туралы сот шешімі бойынша және стационарды алмастыратын жағдайларда емдеу;

4) психикаға белсенді әсер ететін заттарды (бұдан әрі – ПБЗ) тұтынумен байланысты психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық көмек көрсетуге, ПБЗ тұтынумен байланысты психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды диагностикалауға, емдеуге, күтуге, медициналық-әлеуметтік оңалтуға бағытталған қызметтер, ПБЗ тұтыну фактісін анықтау үшін медициналық куәландыру;

5) ПБЗ-ны тұтынумен байланысты психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға мамандандырылған, медициналық-әлеуметтік көмекті, оның ішінде әлеуметтік-еңбектік оңалтуды мынадай түрлерде көрсетуге: жедел медициналық жәрдемнің, амбулаториялық жағдайлардағы, стационарлық жағдайлардағы консультациялық-диагностикалық көмектің, оның ішінде мәжбүрлеп емдеу шараларын қолдану туралы сот шешімі бойынша және стационарды алмастыратын жағдайларда емдеу шығындарын қамтиды.

175. Республикалық ұйымда психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін ақы төлеу осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес орташа құны бойынша емделіп шығу жағдайы үшін тариф бойынша және бір төсек-күні үшін стационарлық медициналық көмек көрсеткені үшін жүзеге асырылады.

176. Психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін психиатриялық ұйымдарға ай сайынғы ақы төлеу сомасы есепті кезеңде психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар адамдардың орташа тізімдік санына психикалық денсаулық орталығының бір пациентіне кешенді тарифті көбейту жолымен айқындалады.

Есепті кезеңде психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар науқастардың орташа тізімдік саны есепті кезеңнің әрбір күнтізбелік күнінде "ПНТ" және "ННТ" АЖ-да тіркелген санына психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар науқастар санын қосу және алынған соманы аталған есепті кезеңдегі айдың күнтізбелік күндер санына бөлу арқылы есептеледі.

177. Есепті кезең үшін ақы төлеуге психикалық денсаулық орталықтары ұсынатын және психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін шот-тізілімде көрсетілетін соманың автоматтандырылған есебі денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерінде тіркеу (қайта тіркеу) негізінде:

1) психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды есепке қоюды;

2) психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды есептен шығаруды;

3) психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық көмек көрсету жағдайларын;

4) ПБЗ тұтынудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды есепке қоюды;

5) ПБЗ тұтынудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды есептен шығаруды;

6) ПБЗ тұтырудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға медициналық көмек көрсету жағдайларын тіркеу (қайта тіркеу) негізінде қамтамасыз етіледі.

178. Психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарды есепке қоюды тіркеуді (қайта тіркеуді) психикалық денсаулық ұйымдары күн сайын автоматтандырылған режимде "ДНЭТ" АЖ-да ПНТ және ННТ-да:

1) №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттама нысандары;

2) пациенттің (немесе оның заңды өкілінің) медициналық зерттеп-қарауға жазбаша келісімінің;

3) тұрғылықты жерін ауыстыруға байланысты пациентті ауыстыру туралы басқа психиатриялық ұйымды хабардар етудің негізінде белгіленген Қазақстан Республикасының өзге әкімшілік-аумақтық бірлігінен психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдардың келуі, сондай-ақ бұрын белгіленген психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар шетелден келген Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұруға келген қандастар, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың келуінің;

4) адамды психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар науқас деп тану туралы медициналық куәландырудың және (немесе) сот-наркологиялық қорытындының негізінде жүзеге асырады.

179. Психикалық бұзушылықтардан (аурулардан) зардап шегетін адамдарды есептен шығаруды тіркеуді психиатриялық ұйым "ДНЭТ" АЖ-да ПНТ және ННТ-да автоматтандырылған режимде:

1) психикалық бұзылушылықтардан (аурулардан) зардап шегетін адамның сауығуы туралы психиатр дәрігерлер комиссиясының қорытындысы;

2) "ДНЭТ" АЖ-да тіркелген психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулардан) бар адамның қайтыс болуы туралы куәлік;

3) қызметтер көрсететін аумақтың психиатриялық ұйымынан тыс жерлерге кетіп, тұрақты тұрғылықты жерінің өзгеруі;

4) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұруға кеткен Қазақстан Республикасының азаматтары туралы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының ресми деректері;

5) АХАТБ-дан келіп түсетін қайтыс болуы туралы мәліметтер;

6) 12 (он екі) ай ішінде психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтардан (аурулардан) зардап шегетін адамның орналасқан жері туралы қандай да бір дұрыс мәліметтердің болмауы;

7) бас бостандығынан айыруға байланысты расталған сотталу фактісі (Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу

жөніндегі комитетінен сұрау салуға жауап алғаннан кейін 3 айдың ішінде шығару жүргізіледі);

8) хабарсыз кеткен деп тану немесе қайтыс болуы туралы хабарлама негізінде жүзеге асырады.

180. "ДНЭТ" АЖ-да ПНТ және ННТ-да автоматтандырылған режимде психикалық денсаулық орталығынан есептен шығарылуын тіркеу:

1) ДКК төрағасы немесе бірінші басшының орынбасары қол қойған емдеуші нарколог дәрігердің есептен шығару туралы қорытындысы;

2) пациенттің құжаттарын жаңа тұрғылықты жері бойынша өңірлік психикалық денсаулық орталығына жіберу арқылы басқа психикалық денсаулық орталығына диспансерлік және (немесе) профилактикалық байқауға наркологиялық есепке қоюға бере отырып, қызметтер көрсететін психикалық денсаулық орталығының аумағынан тыс жерге кете отырып, тұрақты тұрғылықты жерінің өзгеруі;

3) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен Қазақстан Республикасының азаматтары туралы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының ресми деректері;

4) барлық қабылданған шараларға қарамастан, (оның ішінде ішкі істер органдарына және әділет органдарына тоқсанына 1 (бір) рет, оның тұрған жері туралы объективті мәліметтер болмаған) психикалық денсаулық орталығы 1 (бір) жыл бойы науқасты қарап-тексеруді қамтамасыз ете алмаған жағдайда науқасты байқаудан алу туралы психикалық денсаулық орталығының ДКК шешімі;

5) 3 (үш) жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға байланысты соттау; (Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінен сұрау салуға жауап алынғаннан кейін 3 (үш) ай ішінде шығару жүргізіледі);

6) "БХТ" АЖ-да тіркелген алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын науқастың қайтыс болғаны туралы куәлік;

7) АХАТБ-дан келіп түсетін қайтыс болуы туралы мәліметтер;

8) анықталған нозология бойынша есепке ала отырып, осы нозология бойынша диагнозды өзгерту немесе нақтылау негізінде жүргізіледі.

181. Психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмекті жүзеге асыратын бейінді мамандардың медициналық көмек көрсету жағдайларын тіркеу №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттама нысаны бойынша мамандандырылған медициналық көмек, медициналық-әлеуметтік көмек көрсету туралы деректерді күнделікті енгізу және растау арқылы "ЭРДБ" АЖ-да жүзеге асырылады.

182. Қызметтер беруші:

1) "ОНЭТ" АЖ-да № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманы қалыптастыру үшін деректерді күн сайын енгізуді және растауды;

2) "ОНЭТ" АЖ-да пациент стационардан шығарылған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманы қалыптастыру үшін психиатриялық стационардан шыққан адамның статистикалық карталарын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

183. Өткен есепті кезеңде қайтыс болған күні тіркелген, қайтыс болу себебі бойынша ағымдағы есепті кезеңде психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамды есептен шығарған жағдайда ақы төлеу пациенттің өлімін уақтылы тіркемегені үшін соманы алумен жүзеге асырылады.

Уақтылы тіркемегені үшін төлемнен алу сомасы психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамның есепте болған әрбір күнтізбелік күн үшін, оның қайтыс болған күні кешенді тариф бойынша тіркелген күннен бастап және АБЖ-ға сәйкес ақаулар тізбесі бойынша айыппұл санкциялары күніне есептеледі.

184. Психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдар туралы мәліметтерді есептен уақтылы шығармағаны және уақтылы тіркемегені үшін ақы төлеу кезінде айыппұл санкциялары дейін қайтыс болғаннан кейін тіркелген психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға, сондай-ақ 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қайтыс болған психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға қатысты қолданылмайды.

10-тарау. Зертханалық диагностикаға ақы төлеу тәртібі

185. Зертханалық диагностика қызметтеріне ақы төлеу, мыналарды қоспағанда, тарифтер бойынша жүзеге асырылады:

1) осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес төленетін қызметтер;

2) осы Қағидалардың 93-тармағында және осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нақты келтірілген шығыстар үшін төленуге жататын жағдайлар тізбесінде көрсетілген жағдайлардан басқа, осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес төленетін қызметтер.

186. Қызметтер көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы медициналық көрсетілетін қызметтерге тарифтерді нақты көрсетілген қызметтер санына көбейту жолымен айқындалады.

11-тарау. Патологиялық-анатомиялық диагностикаға ақы төлеу тәртібі

187. Клиникалық-шығындық топтар бойынша емделіп шығу жағдайларын және медициналық-экономикалық тарифтер бойынша емделіп шығу жағдайының құнына ақы төленетін қызметтерден басқа, патологиялық-анатомиялық ашып-қарау және патологиялық-анатомиялық диагностика (бұдан әрі – ПАБ) қызметтерін көрсеткені

үшін қызметтер берушілерге ақы төлеу патологиялық-анатомиялық диагностика көрсетуге арналған көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының (бұдан әрі – ПАБ шарты) негізінде биологиялық материал алу және оның гистологиялық, цитологиялық және өзге де, оның ішінде тірі кезінде жүргізілетін зерттеулер жүзеге асырылады.

188. Патологиялық-анатомиялық диагностика қызметтерін көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы нақты көрсетілген патологиялық-анатомиялық диагностика қызметтерінің санына тарифтерді көбейту жолымен айқындалады.

189. ПАБ қызметтерін көрсеткені үшін шот-тізілімді автоматтандырылған түрде қалыптастыру кезінде ақы төлеуді және төлеуге ұсынылған соманы дұрыс есептеуді жүргізу үшін:

патологиялық-анатомиялық ашып-қарау қызметтері бойынша:

1) стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі пациенттің биологиялық қайтыс болғаны анықталған күннен кейінгі бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрыққа сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттама нысаны бойынша деректерді патологиялық-анатомиялық диагностика қызметтерін берушіге қолжетімді болатын МАЖ-да енгізуді қамтамасыз етеді;

2) ПАБ МАЖ-да көрсетілген медициналық қызметтер туралы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген бастапқы медициналық құжаттама нысаны бойынша деректерді күн сайын енгізуді және растауды қамтамасыз етеді және оларды "БТЖ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-да қызмет көрсеткеннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жөнелтуді қамтамасыз етеді;

патогистологиялық диагностика қызметтері бойынша:

1) денсаулық сақтау субъектісі № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттама нысанына қосымша параққа сәйкес амбулаториялық деңгейде жүргізілетін гистологиялық зерттеуге жолдаманы "БТЖ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-да енгізеді және оларды қызметтер көрсетілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде, бірақ есепті айдан кейінгі айдың үшінші күнінен кешіктірмей "БТЖ" АЖ-да жөнелтуді қамтамасыз етеді;

2) ПАБ "БТЖ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-да деректерді ҚР ДСМ-175/2020 № бұйрықпен бекітілген бастапқы медициналық құжаттама нысаны бойынша көрсетілген медициналық қызметтер туралы күн сайын енгізуді және растауды қамтамасыз етеді және оларды қызметтер көрсетілген сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде, есепті айдан кейінгі айдың үшінші күнінен кешіктірмей "БТЖ" АЖ-да жөнелтуді қамтамасыз етеді;

3) ПАБ жүргізілген гистологиялық зерттеулердің саны және олардың санаттары туралы МАЖ-да статистикалық есепті қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

12-тарау. Қан мен оның компоненттерін дайындау, қайта өңдеу, сақтау және өткізу, қан препараттарын өндіру жөніндегі қызметтерге ақы төлеу тәртібі

190. Қан мен оның компоненттерін дайындау, қайта өңдеу, сақтау және өткізу, қан препараттарын өндіру жөніндегі қызметтерді берушілерге (бұдан әрі – қан орталығы) ақы төлеу денсаулық сақтау субъектілеріне берілген қан компоненттері мен препараттары үшін тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

Қан орталықтарының ағзалар мен тіндерді трансплантаттауды зертханалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

191. Қан орталықтарына қан мен оның компоненттерін дайындау, қайта өңдеу, сақтау және өткізу, қан препараттарын өндіру жөніндегі қызметтер үшін ақы төлеу сомасы денсаулық сақтау субъектілеріне берілген қан компоненттері мен препараттарының санына тарифтердің мөлшерін көбейту арқылы айқындалады.

13-тарау. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу тәртібі

192. Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарының немесе мемлекеттік тапсырманы орындау шартының негізінде тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларында көзделген қаражат шегінде жергілікті немесе республикалық бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

193. Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу сапа мен көлем мониторингінің нәтижелері ескеріле отырып жүргізіледі.

194. Сапа және көлем мониторингі ҚР № ДСМ-321/2020 бұйрық негізінде бекітілген ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалу мониторингін жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізіледі және сапа мен көлем мониторингінің нәтижелері бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің медициналық көмектің нысандары, түрлері және медициналық қызметтің түрлері бойынша АБЖ-ға сәйкес қызметтер берушіге төленуге тиіс соманы азайту жолымен айыппұл санкцияларын қолдану үшін негіз болып табылатын медициналық көмек көрсетудің ақаулары анықталады.

195. Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты бойынша ақы төлеудің есепті кезеңі күнтізбелік ай болып табылады.

196. Көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу көрсетілген қызметтер актісінің негізінде тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

197. Денсаулық сақтау субъектілерінің жергілікті бюджет қаражаты есебінен көрсетілген қызметтер актісін қалыптастыру медициналық көмек көрсету деңгейіне байланысты тиісті төлем құжаттарының негізінде жүзеге асырылады.

198. Қызметтер беруші есепті кезең аяқталғаннан кейін күнтізбелік 25 (жиырма бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсеткен қызметтері үшін басшының немесе уәкілетті лауазымды адамның қолы қойылған және қызметтер берушінің мөрімен (ол болған кезде) расталған қағаз жеткізгіштегі шот-тізілімді (шот-тізілімдерді) көрсетілетін қызметтерді сатып алудың әрбір шартына жергілікті бюджет қаражаты есебінен жеке-жеке қалыптастырады және бюджеттік бағдарлама әкімшісіне береді.

199. Медициналық авиацияны тарта отырып, жедел медициналық жәрдем көрсеткені үшін республикалық денсаулық сақтау ұйымына ақы төлеу көлік және медициналық көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

14-тарау. Шетелдік мамандарды тарта отырып және тартпай пациентті емдеу шығындарын өтеу

200. Қазақстан Республикасы азаматтарын отандық медициналық ұйымдарда шетелдік мамандарды тарту арқылы медициналық қызметтеріне ақы төлеу нақты шығындар бойынша "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емделуге жіберу және (немесе) емдеуді отандық медициналық ұйымдарда жүргізу үшін шетелдік мамандарды тарту қағидаларын әзірлеуді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 26 мамырдағы № ҚР ДСМ-45 бұйрығы (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-45 бұйрық) негізінде жүргізіледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22866 болып тіркелген):

1) жалақы;

2) салықтар немесе бюджетке төленетін өзге де төлемдер, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес төленетін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, МӘМС туралы Заңға сәйкес төленетін МӘМС аударымдар;

3) тамақтану;

4) дәрілік заттар, МБ, оның ішінде уәкілетті орган берген қорытынды (рұқсат құжаты) негізінде Қазақстан Республикасында тіркелмеген дәрілік заттар және МБ;

5) тарифтер бойынша медициналық көрсетілетін қызметтер;

6) шетелдік мамандардың қызметтері;

7) бір пациентке қайта есептегенде алдыңғы айда қызметтер берушінің нақты коммуналдық және басқа шығыстарына арналған шығындар бойынша есептелетін коммуналдық шығыстар;

8) биологиялық материалдарды және гемопоздiк дiң жасушаларын трансплантаттауды жүргiзу орнына жеткiзу бойынша көрсетiлетiн қызметтер.

Бұл ретте құны ТМККК шеңберiнде шетелдiк медициналық ұйымдарда соңғы есептi қаржы жылындағы осы ауру бойынша емделiп шығу жағдайының құнынан аспайды.

201. Шетелдiк мамандарды тартпай, отандық медициналық ұйымдардың жағдайларында СКТ қызметтерiне ақы төлеу шетелдiк маманның көрсетiлген қызметтерiне ақы төлеуге арналған шығындарды қоспағанда, осы Қағидалардың 200-тармағының шығыстардың баптарына сәйкес көрсетiлген нақты шығыстар бойынша жүргiзiледi.

202. Бұл нозология бойынша шетелдiк медициналық ұйымдарға жiберiлген науқастар болмаған жағдайда, ауру бойынша емделiп шығу жағдайының құны Қор ұсынған кемiнде екi шетелдiк медициналық ұйымның бағалық ұсынысына және емдеу бағдарламасы негiзiнде анықталады.

Қазақстан Республикасының азаматтарын бюджет қаражаты есебiнен шетелдiк медициналық ұйымдарға емделуге жiберу жөнiндегi комиссияның пациенттi шетелдiк мамандарды тарта отырып емдеу жүргiзу туралы хаттамалық шешiмi қызметтерге ақы төлеу үшiн негiз болып табылады.

203. Шетелдiк мамандарды тарта отырып, пациентке медициналық көмек көрсету бойынша төлем құжаттарын қалыптастыру және қызметтерге ақы төлеу автоматты түрде осы Қағидалардың 15, 19 және 21-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

204. Туыс емес донордан гемопоздiк дiң жасушалар (сүйек кемiгi) трансплантатын шетелдiк мамандарды тарта немесе тартпай отырып (бұдан әрi – ГДЖТ) жүргiзу кезiнде қызметтердi сатып алу шартында бiр емделiп шығу жағдайы үшiн қызметтерге кезең-кезеңiмен ақы төлеу көзделедi және ол мыналарды қамтиды:

1) 1-кезең – донорды iздеу:

сүйек кемiгiнiң немесе гемопоздiк дiң жасушалары құнынан 70% мөлшерiнде донорды iздеу үшiн ақы төлеу. Ақы төлеу үшiн негiздеме отандық ұйымның халықаралық донорлар тiркелiмiнде донорды iздеу, iрiктеу және жандандыру үшiн қажеттi зерттеулердi жүргiзу үшiн донорды iздеу бойынша халықаралық тiркелiммен жасалған шарты болып табылады, донорды iздеу терiс нәтиже берген жағдайда, халықаралық донорлар тiркелiмiнде iздегенi үшiн нақты келтiрiлген шығындар өтелуi тиiс;

1-кезең бойынша түпкiлiктi ақы төлеу отандық медициналық ұйымда ГДЖТ жүргiзу үшiн сүйек кемiгi жеткiзiлгеннен кейiн жүзеге асырылады.

2) 2-кезең – ГДЖТ өткiзу үшiн ақы төлеу.

Тегiн медициналық көмектiң
кепiлдiк берiлген көлемi
шеңберiнде және(немесе)
мiндеттi әлеуметтiк

медициналық сақтандыру
жүйесінде денсаулық сақтау
субъектілерінің қызметтеріне
ақы төлеу қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсеткені үшін шот-тізілімі

№ _____ 20 ____ жылғы " ____ " _____ :

20 ____ жылғы " ____ " _____ бастап 20 ____ жылғы " ____ " _____ кезең

№ р/с	Атауы	Саны	Төлемге ұсынылды, теңге
	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде	X	
1.			
2.			
	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде	X	
1.			
2.			
	ЖИЫНЫ	X	

Қызметтер берушінің басшысы

(уәкілетті тұлға): _____ / _____

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болған жағдайда))/(Қолы) (қағаз тасымалдаушы құжат үшін)

Қызметтер берушінің бас бухгалтері: _____ / _____

_____ (Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ Қолы) (қағаз тасымалдаушы құжат үшін)

Мөр орны (бар болса) / (қағаз тасымалдаушы құжат үшін)

Күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

Осы шот-тізілімге мынадай қосымшалар қоса беріледі:

1) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсеткені үшін шот-тізілімге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білікті мамандарды және (немесе) ауыратын науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты медициналық көмек көрсету жөніндегі тізілім;

2) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсеткені үшін шот-тізілімге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кезең ішінде бастапқы медициналық-санитариялық көмектің жан басына шаққандағы кешенді нормативі бойынша бекітілген халыққа амбулаториялық жағдайларда көрсетілген медициналық көмек қызметтерінің тізілімі;

3) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсеткені үшін шот-тізілімге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шұғыл медициналық көмек шақыруларының көрсетілген қызметтерінің тізілімі;

4) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсеткені үшін шот-тізілімге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша емдік ақуызы төмен өнімдермен және құрамында фенилаланині аз өнімдермен қамтамасыз ету жөніндегі тізілім;

5) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсеткені үшін шот-тізілімге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі қызметінің түпкілікті нәтижесінің қол жеткізілген индикаторлары үшін жұмыскерлерді ынталандыруға ақы төлеуге ұсынылған соманың есебі;

6) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсеткені үшін шот-тізілімге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмектің көрсетілген қызметтерінің тізілімі;

